




# ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

*Құттықтаймыз!*



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті техника ғылымдарының докторы, академик Жұмағұлов Бақытжан Тұрсынұлы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі қызметіне тағайындалуымен құттықтайды!

Құрметті Бақытжан Тұрсынұлы! Сіздің таусылмас жігеріңіз бен қажыр-қайратыңыз ұжымды өзекті мәселелерді шешуге, қазақстандық білім кеңістігін әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілігін арттыруға жетеледі.

Сіздің жетекшілігіңізбен біз ҚазҰУ-дың жаңа даму стратегиясын жүзеге асыруды бастадық. Аз ғана уақыт ішінде университетте білімдендіру жұмысы түбірімен жақсарды – заманауи топ-менеджментті енгізу мен кредиттік технологияға толығымен көшу, ғылыми байланыстың жаңа деңгейі және халықаралық әріптестік, студенттік өзін-өзі басқару жұмыстары мен ҚазҰУ-дың биік рухының қайта оралуын ерекше атауға болады.

Сіз, Бақытжан Тұрсынұлы, ҚазҰУ-ды отандық барлық ЖОО рейтингінде көшбасшылыққа жеткізіп, студенттерді қабылдау кезінде рекордтық нәтиже көрсету арқылы біздің туған университетіміздің ұжымын жоғары биіктерге шығардыңыз.

Құрметті Бақытжан Тұрсынұлы! Сіздің жаңа қызметіңіз – бұл еліміздің басшылығы тарапынан Сізге деген үлкен сенім мен еліміздің бас университетіндегі қызметіңізге берілген жоғары баға. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің мыңдаған ұжымы шын жүректен Сізге сәттілік, таусылмас қажыр-қайрат тілей отырып, отандық білім кеңістігінде жаңа бастамалар мен жемісті жұмыстар атқаруыңызға тілектестік білдіреді.

Сіздің жетекшілігіңізбен қазақстандық білім және ғылым жаңа шекараларға және әлемдік табыстарға шығады деп сенеміз.

## ҚазҰУ-ға «ЭЛИТАЛЫ ГВАРДИЯ» КЕЛДІ



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде білім күні университеттің бұрынғы ректоры, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі, академик Бақытжан Жұмағұловтың «Университет әлемдік инновациялық үдерісте» атты бас дәрісімен басталды. Студенттер сарайына жиналған 2 мың тыңдарман қазақстандық жоғары оқу орындарының жетекшісі университетінде дәріс тыңдады. Бас дәріске бакалавр, магистрант, PhD докторлары мен оқытушы-профессорлар құрамы, 750 «Алтын белгі» иегері, 150 халықаралық олимпиадалар мен байқаулардың жеңімпазы, 3200 мемлекеттік және 90 ректорлық грант иегері қатысты.

ҚазҰУ-ға биыл қабылданған студенттер мыңнан жүйрік, жүзден тұлпар шыққандар. Себебі, жоғарыда атап өткеніміздей, бұл жылы университетке келген студенттердің басымы «Алтын белгі» және республикалық, халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарынан құралған. Осы орайда, академик Бақытжан Тұрсынұлы бірінші курс студенттерін «элиталы гвардия» деп атады. Енді ғана ҚазҰУ студенті атанып, зор мақтанышқа ие болған жастардың студенттік алғашқы оқу жылын өзінің дәрісімен бастаған академик Бақытжан Жұмағұлов: «ҚазҰУ студенттері білім туын шайқалтпай биік көтеріп келеді. Біздің студенттер бәсекеге төтеп берер жастар. Құрметті элиталы гвардия, сіздерге білім кеңістігінде сәт сапар тілеймін. Бұған дейінгі тәжірибе көрсеткендей, ҚазҰУ түлектері – қазақстандық элита тобын қалыптастырушы интеллигент өкілдері. Ендеше алдыңғы буын жолын жалғап, зиялы

қауымды қалыптастыратын өкіл сіздер боламыз. Қазақстанды 2030-ға жеткізетін, сол дамыған қоғамды бәсекеге қабілетті ететін де сіздер», – деп жастарға Мағжанша сенім артты.

Өз кезегінде ҚазҰУ студенті атануына себеп болған ректор грантының иегерлері сахна төріне шығып университет студенттері атанғандықтарына шексіз ризашылықтарын білдірді. «Біз үздік университеттің үздік студенті болуға барынша тырысып, бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуға еңбектенеміз. «Элиталы гвардия» деген атау бізге артылған үлкен сенім мен зор жауапкершілікті жүктейтіні мәлім. Сондықтан да алдыңғы буын ағалардың ізін жалғаушы келесі элита қауымы болуға ант етеміз», – дейді бірінші курс студенттері.

Бас дәріс барысында белсенді студенттер көкейіндегі сауалдарын да кезегімен жолдап жатты. Бірі ҚазҰУ қалашығында фитнес

орталығын ашуды ұсынса, енді бірі Студенттер сарайында дыбыс жазу студиясын ашып, арнайы құрылғы орнатуды айтып, «жас келсе іске» деген қағиданы дәлелдеп жатты.

Сонымен бірге оқу жылының алғашқы күнінде қарашырақтың әр факультетінде қоғам қайраткерлері дәріс оқыды. Олардың қатарында «Экомед» медицина орталығының директоры Салтанат Байқошқарова, Қазақстан География институтының директоры Ахметкали Медеуов, Әлкей Марғұлан атындағы Археология институтының директоры, академик Карл Байпаков, ҚР Тұңғыш Президенті қоры жанындағы Халықаралық экономика және саясат институтының директоры Сұлтан Айқымбеков, «Айқын» газетінің редакторы Нұртөре Жүсіп, Алматы қаласы қаржы полициясы департаментінің басшысы Мақсат Дүйсенов, «Қазақстан Халық банкі» басқармасының төрайымы Үміт Шаяхметова, KASE Биржалық кенесінің төрайымы Айгүл Тасболат, Экономика институтының директоры Оразалы Сәбден, тағы басқалары бар.

Бұл дәрістер «элиталы гвардия» аталған бірінші курс білімгерлерінің алғашқы студенттік кадамының тұсауын кесті. Болашақ маман үшін жақсы ырымға баладық.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

санда:

БҮГІНГІ

Қамқоршылар кеңесі өтті



2-бет

Сәлем, ҚазҰУ студенті!



5-бет

ҚазҰУ-дың студенттер қатары алтын буынмен толықты



6-7-бет

■ Бастама

# Қамқоршылар кеңесі өтті

17 қыркүйекте көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерлері мен ірі коммерциялық компания жетекшілерінің қатысуымен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Қамқоршылар кеңесінің бірінші отырысы өтті. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Жақсыбеков Әділбек Рыскелдіұлы төрағалық ететін кеңес мүшелерінің қатарында ҚР Парламенті Сенатының депутаты, Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік жөніндегі комитеттің басшысы Қуаныш Сұлтанов, Ұлттық Ғарыш агенттігінің төрағасы, ұшқыш-ғарышкер Талғат Мұсабаев, ҚР Президент әкімшілігі басшысының орынбасары Мәулен Әшімбаев, "Capital Partners" компаниясы директоры кеңесінің төрағасы Сержан Жұмашев, Мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед, тағы басқалар бар.



аталмыш игі істің отандық оқу ордасында көрініс табуы мені қуанытты отыр. Себебі біз Кеңес жұмысын жақсартып отырып, әлемдік деңгейдегі міндеттерді атқаруды қолға алып отырмыз", – десе, "Мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігі ғылым, біліммен тығыз байланысты. Сол себепті әлемдік тәжірибені қолдана отырып, Қамқоршылар кеңесін жүзеге асыруымыз университеттің дамыған елдер қатарында бәсекеге төтеп беруін арттыра түсетіні сөзсіз",

– дейді сенатор Қуаныш Сұлтанов. Ал Қамқоршылар кеңесінің мүшесі ҚР Президент әкімшілігі басшысының орынбасары Мәулен Әшімбаевтың сөзі: "ҚазҰУ негізіндегі дұрыс деп тапса, сол бастама Қазақстан білімінің дамуына зор үлес қосады деп сенемін. Біз әкімшілік тарапынан Қамқоршылар кеңесіне қолдау көрсетуге дайынбыз", – деген жолдастық пікірмен түйінделді. Мұнан кейін Қамқоршылар кеңесінің өзге де мүшелері өз ойларымен бөлісті.

Қамқоршылар кеңесінің бірінші отырысынан кейін Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі ҚазҰУ-дың әскери кафедрасын аралап, Республика бойынша әуе қорғанысына жаю әскерлер негізінде запастағы офицерлер дайындайтын жалғыз орталықтың тир, әскер көліктері, компьютерлік сыныптар және тағы басқа нысандарын көрді. Өз кезегінде студенттер әскери ату жаттығулары мен әскер көліктерін басқару қабілеттеріндегі жылдамдықтарын, ептіліктерін Қорғаныс министрінің назарына ұсынды. Қамқоршылар кеңесінің бірінші отырысына келген ҚР Қорғаныс министрі, Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділбек Рыскелдіұлы бұл күні бірнеше игі істердің бастамасына куә болып қайтты. ҚазҰУ қалашығында жасанды төсенішпен жасалынған үш футбол алаңының тұсауын кесіп, жана алаңдағы тұңғыш футболдың добын ойынға қосты. Салауатты өмір салтына зор ықпал болатын үш бірдей футбол алаңының ашылуы жастардың қуанышын арттырды.

Саяғұл ӘЛІМБЕКОВА

Кеңестің бірінші отырысында негізгі екі мәселе қарастырылды. Бірі – университеттің болашағы мен дамуы болса, енді бірі – Қамқоршылар кеңесінің жұмыс жоспары. Қорғаныс министрі Әділбек Жақсыбеков қатысушыларды күн тәртібімен таныстырып өткеннен кейін, ҚазҰУ-дың бұрынғы ректоры, ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан Жұмағұловтың бірінші сұрақ бойынша есебін тыңдауға шақырды.

теттер тәжірибесінде бұрыннан бар. Ал мұны еліміздегі білім ордалары арасында алғаш рет Қазақстанның бірінші университеті – ҚазҰУ-ға енгізіп отырмыз. Қамқоршылар кеңесінде университеттің келешекте дамуы мен ғылым және білім саласындағы көп сұрақтар қаралады", – дейді есеп барысында академик Бақытжан Тұрсынұлы. Содан кейін университеттің оқу үдерісі, әлеуеті, тыныс-тіршілігі, жоспарларымен таныстыра келіп басты мақсат – алтын территорияны алып жатқан ҚазҰУ-ды заманауи инновациялық зерттеу орталығына айналдыру екендігін айтты. Осы орайда ғарышкер Талғат Мұсабаев: "Қамқоршылар кеңесі әлемдік университеттерде елу жылдан бұрын жұмыс жасап келеді,

– "Қазақстандық жоғары оқу орындары арасында Қамқоршылар кеңесі институтын ҚазҰУ бірінші болып ұйымдастырып отыр. Қамқоршылар кеңесі – жоғары оқу орындарының іс-әрекетін қадағалайтын қоғамдық бақылау болып табылады. Мұндай кеңес әлемдік универси-

■ УШОС

## Сетевой университет

В КазНУ встретились руководители головных (базовых) казахстанских вузов, входящих в Сетевые университеты ШОС и СНГ

На базе Казахского национального университета имени аль-Фараби прошло Второе совещание и Министерства образования и науки Республики Казахстан с руководителями головных (базовых) вузов Сетевых университетов ШОС и СНГ в Казахстане.



отбора студентов, а также проблемы функционирования УШОС в Казахстане.

Кроме того, участники совещания заслушали выступления оргкомитета по подготовке к Совещанию министров образования государств-членов ШОС, которое пройдет 23-24 сентября 2010 года в г. Новосибирске, обсудили правила

организации учебного процесса в Сетевых университетах, проект Положения о Совете ректоров УШОС в Казахстане, а также план мероприятий Второго Форума ректоров государств-членов ШОС, намеченного на первое полугодие 2011 года в г. Астана.

Пресс-служба КазНУ

Первое совещание было проведено в конце июля текущего года в Астане. На нем были обсуждены отчеты головных (базовых) вузов Сетевых университетов ШОС и СНГ в Казахстане о подготовке к запуску пилотных проектов в 2010 году, вопросы присуждения грантов на обучение в рамках Сетевых университетов ШОС и СНГ и др.

На очередном совещании представители головных вузов рассмотрели итоги текущего года по отбору претендентов на обучение по квотам Сетевых университетов СНГ и ШОС, порядок согласования образовательных программ и

■ Кездесу

## Дағдарысқа қарсы дәріс

24 қыркүйекте ҚазҰУ-дың "Экономика және бизнес" Жоғарғы мектебінде Қазақстан Республикасының Парламенті жанындағы бюджет және қаржы жөніндегі Комитет төрайымы Қарағұсова Гүлжан Жанпейісқызының көшбасшылық дәрісі өтті. Жоғарғы мектептің оқытушы-профессорлар құрамы, студенттері мен магистранттары қатысқан дәріске мемлекетіміздің дағдарыстан кейінгі жағдайы арқау болды.

Еліміздегі көптеген экономикалық реформалардың басы-қасында жүрген білімді ұстаз, білікті экономист Гүлжан Қарағұсова еліміз толығымен дағдарыстан өтті ме, дағдарыстың екінші толқынының болу қаупі,

мемлекетіміздің үш жылдық бюджетіндегі болжауы, сонымен қатар Қазақстан Республикасының 2010-2014 жылдарға арналған индустриалдық-инновациялық дамуы сияқты тақырыптарды кеңінен талқылап өтті.

Дәріс соңында Гүлжан Жанпейісқызы тыңдаушылар тарапынан толастамаған сұрақтарға тиынақты жауап берді.

"Интеллектуалды ұлт – 2020" бағдарламасындағы қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін бұл кездесулер едәуір маңызды шара болып табылады.

Нүргүл ТАҒАЙБЕКОВА,  
"Экономика және бизнес"  
Жоғарғы мектебінің 2-курс магистранты

■ Августовское совещание

Интеграция в мировое образовательное пространство, открытость общества, необходимость повышения конкурентоспособности и востребованности на рынке труда будущих специалистов, выдвигают новые требования к педагогической деятельности преподавателя вуза. И в этой связи основной задачей для преподавателей нашего университета должно стать повышение качества обучения. Об этом, а также о приоритетных направлениях деятельности университета говорилось на очередном августовском совещании накануне нового учебного года. С основным докладом о текущих вопросах предстоящего учебного года выступил проректор по учебной работе Мурат Орунханов.

## Главный ориентир – инновации

Было отмечено, что большим достижением вуза стало получение КазНУ им. аль-Фараби разрешения на внедрение экспериментальных образовательных программ по 64 специальностям бакалавриата и 57 специальностям магистратуры. При проектировании этих программ достигнута сопоставимость с образовательными программами зарубежных вузов. Сделан акцент на усиление языковой подготовки студентов и введение дисциплин на английском языке.

Для дальнейшего совершенствования системы трансфера кредитов ставится задача – четко отработать систему перезачета кредитов, получаемых студентами в зарубежных университетах во время заграничных командировок, летних семестров.

Одной из важнейших задач Казахского национального университета имени аль-Фараби является непрерывное расширение сферы предоставляемых образовательных услуг. В 2009-2010 учебном году получены лицензии на 9 специальностей бакалавриата, 16 магистратуры, 53 докторанту-

ры. Это большой рывок в расширении диапазона образовательных услуг.

Главным показателем прогрессивности образовательной деятельности университета по-прежнему остается введение инноваций в обучение, дистанционное обучение. На 2010-2011 учебный год в КазНУ запланировано масштабное внедрение дистанционного образования. На сегодняшний день разработано 30 новых дистанционных курсов, десятки видеолекций, которые уже с 1 сентября будут предложены студентам.

Важным направлением определена работа по активизации цепочки «бизнес-образование» и привлечению работодателей.

Также было сказано об увеличении доли послевузовского обучения, активном развитии трехступенчатого образования по совместным международным программам с ведущими университетами Великобритании, Германии, США, Японии, и расширении перечня совместных международных образовательных программ с выдачей двойного диплома, международных сертификатов.



## ҚазҰУ және ТІКА

19 тамызда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға Түркия Үкіметінің Халықаралық ынтымақтастық және дамыту жөніндегі агенттік делегациясы келді (ТІКА). Ынтымақтастық және дамыту жөніндегі Түркиялық ірі Басқарманың әлемнің 20 елінде бөлімшелері бар. Олар Африка, Азия, Еуропа елдерінде жұмыс істейді.

Делегацияны Қазақстандағы ТІКА жетекшісі, бағдарлама үйлестірушісі Омер Коджаман, Бас басқарманың минералды ресурстарды зерттеу және іздеу жұмыстары бойынша жетекшісі Мехмет Узер және оның орынбасары Джошар Юсуф Зия, сонымен бірге аталмыш басқарманың жетекші инженері Сумер Энгин Онджу басқарды.

Түркиялық делегацияның мақсаты қазақстандық жетекші университетпен минералдық ресурстар, т.б. сала бойынша тиімді жұмыстар жасау болып табылады.

Келісім барысында әріптестіктің негізгі бағыттары болып табылатын танымдық, ғылыми, білімі ортақ жобалар және кәсіби тәжірибемен алмасу сияқты талаптар анықталды.

Осы күні ҚазҰУ мен ТІКА арасында әріптестік меморандумға қол қойылды.

Түркиялық ірі басқарма агенттігінің ҚазҰУ-ға кезекті келуі жетекші университеттің ғылымы мен білімін мойындаумен пара-пар.

Өз тілшімізден

## Для дальнейшего развития отношений

24 августа КазНУ им. аль-Фараби посетили представители Американского Университета Бейрута (Ливан). Делегацию представляли вице-президент по внешним региональным программам Хасан Диаб и его помощник Джордж Фараг, а также декан медицинского факультета Гассан Химаде. Зарубежных гостей встречал проректор по учебной части Мурат Орунханов.

Университет Бейрута, основанный в 1866 году, является одним из ведущих университетов города Ливана. На сегодняшний день в университете выпускают ученых гуманитарных наук и специалистов в области сельскохозяйственной, пищевой промышленности, архитектуры, медицины. В университете обучаются 7500 студентов из 69 стран. В свою очередь вице-президент по внешним региональным программам Хасан Диаб в ходе визита отметил:

- Университет Ливана на протяжении 10 лет работает по американским образовательным стандартам. Цель нашего

визита - укрепление международного сотрудничества с ведущим казахстанским университетом, выпускающим высококлассных специалистов по стандартам американской образовательной системы. Мы приложим все усилия для дальнейшего развития отношений между двумя университетами, - отметил он.

Во время встречи проректор университета ознакомил гостей с достижениями ведущего университета Казахстана.

- Казахский национальный университет один из первых перешел на западную образовательную систему. В КазНУ сейчас обучение ведется по системе

трехступенчатого уровня образования - бакалавр-магистратура-PhD. У нас действует согласованность с европейскими университетами по программе двойных дипломов. Кроме того, соискатели-докторанты работают не только с отечественными научными руководителями, но и зарубежными. Наш университет всегда стремится расширять и укреплять международные связи в области науки и образования, - сказал он.

Во встрече приняли участие деканы факультета востоковедения Нуржамал Алдабек и биологического факультета Тамара Шалахметова, а также сотрудники Департамента международного сотрудничества, которые также приняли участие в обсуждении с зарубежными коллегами будущих планов в области развития науки и образования.

Пресс-служба КазНУ

## Қытай Коммунистік партиясының делегациясы ҚазҰУ-ға келді

3 қыркүйекте Политбюро, Қытай Коммунистік партиясы Орталық комитетінің секретариаты, ҚКП ОК насихат бөлімінің министрі Лю Юньшан мырза бастаған Қытай делегациясы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне келді.

Сапар барысында қытайлық өкілдерге ҚазҰУ-дың тыныс-тіршілігінен ақпарат беріп, КХР университеттері арасында орналасқан тығыз әріптестік жайында мәлім еткен академик Бақытжан Жұмағұлов: «ҚазҰУ-да мың шақты Қытай азаматы білім алады. ҚазҰУ алдағы уақытта бұл елмен ғылыми-зерттеу бағытындағы әріптестікті нығайта түседі», - деген пікірін жеткізді. Сонымен қатар ҚКП ОК насихат бөлімінің министрі Лю Юньшан мырзаға «Бәйтерек» сыйлығын ұсынып, иығына шапан жапты.

Өз кезегінде ҚКП ОК насихат бөлімінің министрі Лю Юньшан: «Қазақстандағы ең жетекші университетке, жалпы Алматыға алғашқы сапарым өте сәтті өтіп жатыр. Мен көшбасшы университет ұжымымен кездесіп отырғаным өте қуаныштымын. ҚазҰУ-дың қытай біліміне де қосар үлесі зор. Себебі бұл университетте біздің елдің жастары да сапалы білім алып жатыр», - деген

ризашылығын айтты.

Сондай-ақ Конфуций институтының директоры Рақымжан Асылбеков орталықтың жетістіктерімен бөлісіп, атақтарын жеткізіп отырғанына егжей-тегжей таныстырып өтті. Конфуций институты идеясы Қазақстан мен Қытай арасындағы тығыз достастықтың нәтижесінде екі елдің басшыларының қолдауымен 2002 жылы қолға алынды. Қазақстанның жетекші университеті мен Ланьчжоу университетінің көпжылдық әріптестігінің негізінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің шешімімен 2007 жылы ҚазҰУ-дың Қытай тілі орталығында қалыптасып «Конфуций институты» құрылды. Институт жұмысы қазақстандық және қытайлық оқытушылардың көмегімен қытай тілі мамандарын дайындайды. Осы орайда Конфуций институты директорының айтуынша, мұнда ізденушілерге сапалы білім беретін 5000-нан аса оқулықпен



жабдықталған кітапхана және мықты мамандар бар.

Университеттің бас ғимаратында өткен кездесуден кейін делегация ҚазҰУ жанындағы Конфуций институтының жұмысымен танысты.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

Хенрык ЯНКОВСКИЙ, профессор, түркітанушы:

## Қазақ тілін үйреніп, осы тілдің қасиетін зерттей түскім келеді

9 қыркүйекте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне Польшадағы алдыңғы қатарлы білім ордасы Адам Мицкевич университетінің білім және халықаралық ынтымақтастық жұмысы бойынша проректоры Яцек Виткость, Қазақстандағы Польша Республикасының елшісі, Шығыстану институтының профессоры Марк Гавецкий, Адам Мицкевич университетіндегі азиятану кафедрасының профессоры Хенрык Янковский және Алматыдағы Польша Республикасы Бас консулдығының вице-консулы Юстина Афек арнайы сапармен келді.

Адам Мицкевич университетінің сапары екі университет арасындағы әріптестік ынтымақтастықты нығайтуды алға қойды. Қонақтарды ҚазҰУ-дың оқу жұмысы жөніндегі проректоры Мұрат Кәдесұлы қарсы алып, шетелдік әріптестерін университет жетістіктері мен оқу жұмыстарымен таныстырды. «ҚазҰУ-да халықаралық әріптестік өте жақсы дамыған. Сіздердің оқу орындарыңызбен де тығыз байланыстамыз. Алда студенттерді алмастырып оқыту, оқытушылардың тәжірибелік өтілімін жетілдіру жұмыстарын дамытамыз», - дейді проректор.

Тарих, этнография, филология, география, геология, биология салалары бойынша ынтымақтастық жөніндегі келісім шарт негізінде әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Адам Мицкевич атындағы университетпен 1991 жылдан бері тығыз байланыс орнатып келеді. Польшаның Познань қаласындағы ең ірі оқу орнының білім және халықаралық ынтымақтастық жұмысы бойынша проректоры Яцек Виткость: «Біз қазақстандық 4 университетпен әріптестік байланыстамыз. Соның ішінде әл-Фараби



атындағы Қазақ ұлттық университетімен ерекше тығыз қатынастамыз. Халықаралық рейтингке шығу үшін жетекші жоғары оқу орындарымен жұмыс істеу керектігін ескерсек, ҚазҰУ осы талаптардан

шығады. Осы орайда ғылым жолындағы ізденушілерді, магистранттарды біздің университетке тәжірибе алмасып, оқып қайтуларына қолдау жасаймыз», - дейді.

Ал Адам Мицкевич универ-

ситетіндегі азиятану кафедрасының профессоры, түркітанушы Хенрык Янковский: «Біздің университетте «Болашақ» бағдарламасы бойынша қазақстандық оқытушылар келіп дәріс беруде. Бізде түркология бөлімінде қазақ тілі және әдебиеттерінен де дәрістер оқылады. Сонымен бірге алмасып оқу бағдарламасымен студенттер келіп білім алып жатады. Біздің елдің білімгерлері де ҚазҰУ-дан маманданып қайтады. Бұл әріптестікті дамыта бергіміз келеді. Мен түркітанушы ретінде қазақ тілін үйреніп, осы тілдің қасиетін зерттей түскім келеді», - деген ойды алға тартты.


Білім және ғылым саласындағы екі жақты жоспарлар мен бағдарламалар айтылғаннан кейін проректорлар бір-біріне естелік кітаптарын табыс етті.

Саягүл  
ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ

■ Құттықтаймыз!!!

# ҚазҰУ-дың Үздік оқытушылары

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Ғылыми кеңесінің 25 мамырдағы шешімі бойынша университеттің 29 ұстазы ҚазҰУ-дың білімі мен ғылымының дамуына қосқан үлесі үшін "Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Үздік оқытушысы – 2010" атағымен марапатталған болатын. Осы орайда қуаныш иелерін ҚазҰУ-дың барша оқытушы-профессорлар құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы құттықтай отырып, еңбектеріңізге табыс тілейді!!!*




**Сәкен ДӘУЛЕТҚАЛИЕВ,**  
г.ғ.д., құрлық гидрологиясы  
кафедрасының профессоры



**Наштай МҰХИТДИНОВ,**  
б.ғ.д., ботаника және  
экология кафедрасының  
профессоры



**Бағжамал АДАМБАЛИНА,**  
екінші гуманитарлық шет  
тілдер кафедрасының аға  
оқытушысы



**Қампарбен АТАБАЕВ,**  
т.ғ.д., деректану және  
тарихнама кафедрасының  
профессоры



**Жарылқасын ӘБИЛЕВ,**  
х.ғ.д., профессор,  
органикалық химия  
және табиғи қосылыстар  
кафедрасының меңгерушісі



**Виктор ГРЕБЕНЩИКОВ,**  
спорт және дене тәрбиесі  
кафедрасы, КСРО-ның  
бірнеше дүркін спорт шебері



**Гүлжан БАДАВАМОВА,**  
х.ғ.к., аналитикалық химия  
және сирек элементтер  
химиясы кафедрасының  
доценті



**Құралай БАЙЗАҚОВА,**  
т.ғ.д., халықаралық  
қатынастар және ҚР Сыртқы  
саясаты кафедрасының  
профессоры



**Алла ГОНЧАРОВА,**  
б.ғ.к., биотехнология,  
биохимия және  
өсімдіктер физиологиясы  
кафедрасының доценті



**Шолпан ГУМАРОВА,**  
жаратылыстану факультеті  
шет тілдер кафедрасының  
аға оқытушысы



# Өркен

Газет ішіндегі

студенттер газеті

## ҚазҰУ – жастар таңдауы

Елбасы өзінің Қазақстан халқына жолдауында кемінде екі университеттің әлемдік жетекші жоғары оқу орындарының рейтингісіне кіруі туралы нақты міндет жүктеген болатын. Бұл міндетті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жіті атқарып, Ресейдегі Тәуелсіз РЕЙТОР агенттігінің және беделді "Таймс" университеттер рейтингісіне енді. Сонымен қатар біз әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ды еліміздің жоғары оқу орындарының Бас рейтингісінде бірінші орынды тұрақты иеленіп келе жатқандығын да мақтанышпен айта аламыз. Бұл жылы да аталмыш университет «Білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қазақстандық тәуелсіз агенттіктің» шығарған рейтингісінде көпсалалы үздік университеттердің көшін бастап бірінші орынға ие болды. Сонымен, аталмыш университет жыл сайын мектеп бітіруші түлектердің қалың таңдауын иеленіп, қабылдау науқанында да көшбасшылық танытып жүр.

Бұл жылы ҚазҰУ 3200-ге жуық мемлекеттік білім грантын жеңіп алып, биылғы қабылдау науқанында да бірінші орынға ие болды. Айтулы нәтиже өзге жоғары оқу орындарына үлгі боларлық көрсеткіш. Мұндай нәтиже бұрын-соңды отандық жоғары мектеп тарихында кездескен емес.

2010-2011 оқу жылына ҚазҰУ 750 «Алтын белгі» иегерін, 150 халықаралық олимпиада жеңімпазын қабылдады. Сонымен бірге университетке сапалы студенттер қабылдау үшін қолға алынған «Әл-Фараби» олимпиадасының жеңімпаздары да бар. Бір сөзбен айтқанда еліміздегі үздік университетке үздік мамандарды даярлауға сенім артылды. Қазақстандағы өзге жоғары оқу орындарында жоқ әлемдік деңгейдегі кампус – ҚазҰУ қалашығында бұл студенттерге сапалы білім алуына жағдай жасалынып оқу ғимараттары, ғылыми кітапхана, спорт алаңы, Студенттер сарайы, заманауи технологиялармен жабдықталған интернет жастар орталығы, кинотеатр, ғашықтар су бұрқағы,

сән салоны сияқты нысандар бой көтерген.

Қазақ ұлттық университетінің халықаралық әріптестік байланысы жылдан-жылға кенеюде. Университеттегі 14 факультет, ғылыми-зерттеу институттары және ғылыми орталықтар желісі сияқты бірнеше нысандар жыл сайын бәсекеге қабілетті мамандар қатарын толықтыруда. Қазақстандық жоғары оқу орындарының арасында бірінші болып ҚазҰУ жаңа эксперименталды бағдарламаны қолға алды. Бұл эксперименталды бағдарлама Колумбия, Оксфорд, Беркли, Стэнфорд және тағы да басқа білім шаңырақтарының жетекші ғылыми орталықтарының тәжірибесіне сүйенеді. Университетте 200 жазғы семестр бағдарламасы жұмыс істеп, Қазақстанның өзге жоғары оқу орындарындағы студенттер ҚазҰУ-да білім алу мүмкіндігіне ие болды. Үздік танылған қарашаңырақта Жұмыс берушілер кеңесі бар. Бұл кеңес негізінде түлектер жұмысқа орналасу мүмкіндігіне ие болады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы: «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті талай асулардан, күрделі кезеңдер мен қиы жолдардан өтті. Осы жылдар ішінде мың-мыңдаған қазақстандық жастар білім алды, армандарын асқақтатып, қияға қанат қакты.

Ел аузындағы кеше мен бүгінгі айтулы ғалымдарымыз өздерінің ұлттық тарих, экономика мен мәдениетке қатысты іргелі зерттеу еңбектерін осы университет қабырғасында жазып, ел игілігіне айналдырды.

Математика, физика, басқа да жаратылыстану салалары бойынша ауқымды ғылыми жұмыстар осы жерде іске асырылды», – деген пікір әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылым кеңістігіндегі зор беделін айқындайды. ҚазҰУ-ды талапкерлер таңдауының жыл сайын артып отыруы да осындай жетістіктердің жемісі болса керек.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

## Сәлем, ҚазҰУ студенті!

Жаңа күш-қуат пен ынта-жігер сыйлайтын жадыраған жаздың демалысымен қош айтысып, сүйікті университетіңіз – ҚазҰУ-мен қайта қауышқаныңызбен құттықтаймыз!

Сізді газет ішіндегі «Өркен» студенттер газетінің осы беті арқылы ҚазҰУ-дың Жастар ұйымдарының жұмыстарынан хабардар еткіміз келеді. Бұл санымыздағы ақпараттардың барлығын дерлік біздің биылғы жаңа студенттеріміз – бірінші курс жастарына арнаймыз.

ҚазҰУ студенттері – еліміздегі жастардың көшбасшысы. Құрметті жас ДОС! ҚазҰУ студенті атану саған да осындай мәртебені жүктейді. Жалынды жастық шақтың әр сәтін тиімді пайдалану мен қызғылықты өткізу үшін сүйікті университетіңіздегі жастар ұйымдарының тыныс-тіршілігі туралы ақпаратты ұсынамыз. Жастар ұйымдарының жұмысына белсене атсалысу тек бос уақытың мен студенттік өміріңді қызғылықты өткізу ғана емес, ол сенің болашақ азаматтық келбетің мен ұстанымдарыңның қалыптасуының кепілі. Ол сенің университеттік басқару құрылымдарының қызметіне атсалысу арқылы басқару ісінің толыққанды мүшесі болуыңның шарты.

Құрметті студент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 100-ден астам студенттік ұйым және олардың мүшесі атанған 4 мыңға жуық белсенді студенттер тіркелген. Өзіңізді сол студенттер арасынан көргіңіз келсе, бос уақытыңызды, күш-жігеріңіз бен жаңа тың идеяларыңызды ҚазҰУ мүддесіне жұмсаңыз. Биылғы оқу жылына үлкен табыстар тілей отырып, Сізді асыға күтетінімізді айтамыз.

Ал, ендеше университетіміздің қоғамдық жұмыстарына үлесіңізді қосуға дайын болсаңыз, қатысуға мүмкін болатын студенттік ұйымдармен танысып алыңыз.

### ЖАСТАР ҰЙЫМДАРЫ КОМИТЕТІ

Қазақ ұлттық университетінің барлық студенттік ұйымдарының жұмыстарын үйлестірумен айналысатын *Жастар ұйымдары комитеті* қызмет атқарады. Барлық ұйымдардың жұмыстарын біріктіретін және бір орталықтан бақылануын қамтамасыз ететін ЖҰК-тің қызметіне биыл екі жыл. Оны 2009 жылғы оқу жылынан бастап шығыстану факультетінің түлегі Назира Болдурукова басқарып келеді.

### ҚАЗҰУ СТУДЕНТТЕР СЕНАТЫ

Келесі тек студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарын қамтитын үлкен ұйым – ҚазҰУ Студенттер Сенаты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Студенттер Сенаты – университеттің өзін-өзі басқару ұйымдарының жоғарғы органы. Оның мақсаты студенттер мүдделерін университет әкімшілігі алдында білдіру, ЖОО арасында, мемлекеттік және халықаралық деңгейлерде университет

имиджін нығайту, студенттердің басқарушылық қасиеттерін дамыту мен ішкі потенциалды жүзеге асыру, университеттегі оқу процестерінің тиімділігін жоғарылату мен студенттердің белсенді өмірлік және азаматтық ұстанымдарын дамыту, салауатты өмір салтын сақтау, университет және факультет деңгейлерінде студенттік өзін-өзі басқару механизмінің жүйелі дамуына қатысу болып табылады. Сонымен қатар қазіргі таңда Студенттер Сенаты заңды тұлға ретінде қызмет атқаруда. Сенатқа университет белсенділерінің жалпы сайлауында басым дауыспен жеңіп шыққан, экономика және бизнес факультетінің 4-курс студенті Асфендияр Кушенов төрағалық етіп келе жатыр. Студенттер Сенаты республикалық, қалалық деңгейдегі басқа ЖОО-ға үлгі боларлықтай көптеген қызғылықты жобаларды жүзеге асырып келеді.

*Студенттер Сенаты өз қызметін негізгі төрт ұйым арқылы жүргізеді. Олар: Студенттер Мәжілісі, Жоғарғы студенттер кеңесі, «Сұңқар» студенттер кәсіподағы және Тәртіп сақтау жасағы.*

### СТУДЕНТТІК МӘСЛИХАТ (МӘЖІЛІС)

Егер Сіз, қалада тұрып (яғни жатақханада емес), факультетіңіздің қоғамдық жұмысына араласқыңыз келсе, онда әрбір факультетте қызмет жасайтын студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының факультет көлеміндегі ұйымы – *студенттік мәслихат* Сіз үшін ең ыңғайлысы болмақ. Факультет мәслихаттары мәдени іс-шараларды ұйымдастыруға, жаңа идеяларды жүзеге асыруға, студенттер арасында кездесетін мәселелерді көтеріп, оның шешілу жолдарын қарастыруға факультет деңгейінде атсалысады. Олар факультеттің Ғылыми кеңесінің тұрақты мүшелері. 13 факультет мәслихатының жұмысы оның Сенаттағы жоғарғы баламасы болып табылатын *Студенттер мәжілісімен* үйлестіріледі. Айқындай кететін болсақ, Мәжіліс құрамы мәслихат төрағалары мен төрайымдарымен қалыптасады. Әрбір мәслихаттың төраға немесе төрайымы еркін ашық сайлау бойынша факультет белсенділері арасынан сайланады.

(Жалғасы 8-бетте)



Бұл күні ҚазҰУ қалашығында адам әдеттегіден де қалың. Жастарды мерекелік көңіл күй кернеген. Бұл күн алғаш рет “ҚазҰУ студенті” атанып отырған білімгерлердің есінде өзінің ерекше әсерімен мәңгі сақталатын “Студенттер қатарына қабылдау салтанаты”. Алғашқы студенттік вальс орындалған күн де, тұңғыш факультеттер шеруі көрініс алған уақыт та осы – 17 қыркүйек. Бұл күн – 2010 жылы ҚазҰУ студенті қатарына қабылданған жастардың төл мерекесі. Бейресми мейрамы.

Мерекелік сахналанған Ө.А.Жолдасбеков атындағы Студенттер сарайының алдына барабан аспабын ойнап шыққан студенттер, әсем әуенге мың бұрала билеген бишілер, көңілді сазбен аккумуля ағылған бірінші курс студенттері көрерменге мерекелік көңіл сыйлауда. Биылғы жылы ҚазҰУ-дың студенттер қатары Қазақстанның барлық аймақтарынан келген ең үздік мектеп түлектерімен толықты. Бірінші болып сахнаға “Алтын белгі” иегерлері келді. “Алтын белгі” иегерлері – университетіміздің «элиталық гвардиясы». Бұл балама бұрынғы ҚазҰУ-дың бұрынғы ректоры, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бірінші курсқа дәл тауып айтқан баламасы. Одан кейінгі кезекте сахна төріне «Әл-Фараби» олимпиадасының жеңімпаздары, сондай-ақ әртүрлі

на ортасына әл-Фараби мен оның шәкірттері келді. Әл-Фарабидің таным, ғылым туралы маңызды идеяларын бейнелейтін ғұлама ғалымның шәкірттерімен сұхбаты орындалады. Содан кейін Әл-Фараби жас буынға өзінің тілегін айтты.

Бұдан кейінгі кезек алғаш бастама тауып отырған факультеттер шеруіне жетті. Салтанатты шерудің қатарында еліміздің жетекші университетінің оқытушы-профессорлар құрамы бар. Шеруді бірінші болып химия факультетінің өкілдері бастады. Сапты факультет деканы, көрнекті ғалым, химия ғылымдарының докторы, профессор Мұхамбетқали Бүркітбаев бастап келеді. ҚазҰУ-дың химия факультеті – Қазақстан Республикасындағы химия білімі мен ғылымының көшбасшысы.

Одан кейінгі кезекте декан Та-



# ҚазҰУ-дың СТУДЕНТТЕР

## алтын буынмен толықты

халықаралық және республикалық олимпиаданың жеңімпаздары мен спорт шеберлері келді. Осы жылы ҚазҰУ-дың спорт командасының қатары біздің бірінші курстардың ішінен 10 спорт шебері, 22 чемпион мен халықаралық және республикалық спорт жарыстарының жеңімпаздарымен, машықтанған шеберлермен толықтырылды. Мұндай көрсеткіштерден кейін “ҚазҰУ студенті – студенттік шақтын элитасы” деуге толық негіз бар.

«Жесек деп таза еңбектің адал нанын,

Арнаған ақ ниетке ақ арманың Бірінші курстағы студенттер, Құтты болсын бүгінгі қадамдарың!» – деген жүргізуші сөзіне көпшілік көрермен де қолдау көрсетіп, қалың қошеметпен алақан соқты.

Студенттер қатарына қабылданып жатқан білімгерлерге өзінің ғұламалық өсиетін айту үшін сах-



**Мадина ЖАҚЫТОВА,** заң факультетінің 1-курс студенті, «Алтын белгі» және ҚазҰУ ректоры грантының иегері:



**ҚАЗҰУ – БАРЛЫҚ ЖЕТІСТІКТЕРГЕ ЖЕТЕЛЕЙДІ**

– Мен биыл №81 мектеп-гимназиясын тамамдадым. Қазір әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультетінде оқимын. Ректорлық гранттың иегерімін. Мектепте оқып жүргенімде Республикалық және халықаралық олимпиадаларға белсене қатыстым. Былтырғы жылдың рес-

публикалық олимпиадасында орыс тілі пәні бойынша 3-інші орынға қол жеткізіп, сол жылдың күзінде Мәскеуде өткен халықаралық олимпиадаға қатысып бағымды сынап көрдім. ҚазҰУ-дың «Әл-Фараби» пәндік олимпиадасында ағылшын пәні бойынша 83 балл жинадым. ҰБТ-да жинаған жалпы

балым 90, ал мемлекеттік грантқа 96 балдан жоғары жинаған талапкерлер ие болды. Талай жылдар бойы жинаған еңбегім зая кетті-ау дегенде, ҚазҰУ-дың қабылдау комиссиясының қызметкерлері ректорлық грантқа түсуге үміт барын айтты. Сөйтіп құжаттарымызды тапсырып, әліп-

мара Шалахметова бастаған биология факультеті келеді. Факультет ғалымдары биология, биотехнология, генетика және гендік инженерия, экология және қоршаған орта саласында жоғары жетістіктерге қол жеткізді.

Осылайша факультеттердегі оқытушы-профессорлардан құралған шеру бірінен соң бірі жалғасып кете берді. Университеттің 13 факультетінен жасалған салтанатты шеруді журналистика факультеті қорытындылады. Сапты факультет деканы Ғалия Ибраева бастап келді. Журналистика факультеті жоғары дәрежелі журналистерді, жергілікті, республикалық және халықаралық бұқаралық ақпарат құралдарына қажетті білікті мамандарды дайындайды. Факультетте журналистика мәселелерін зерттейтін, халықаралық байланыстар мен дәстүрлі ғылыми жобаларды жүзеге асыратын ғылыми орталықтар

және заманауи сандық технологиялармен жабдықталған Теле-радио кешені жұмыс істейді.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Білім мен ғылымның қарашанырағы» деп атаған ҚазҰУ 1-курс студенттерін өз тарихымен осылайша таныстырып өтті.

Кештің ең салтанатты сәті, әрине үлкен жолдың табалдырығын аттаған жастарға студенттік билет пен студент кілтін табыс ету. Студенттік билетті тапсыру үшін сахнаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бұрынғы ректоры, ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұлов шақырылды.

– “Бүгінгі Студенттер қатарына қабылдау салтанаты ҚазҰУ-ға алтын буын ұрпақтың келгеніне арналып отыр. Ұлы Абай айтқандай: “Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озбақ”. Еліміздің үздік

тің аяғын бағып көрейік деп аяғына дейін күттік. Үмітіміз ақталды. Студенттік өмірдің тәтті кезеңдерін бастан өткізіп, оқуға да, қоғамдық өмірге де белсенді түрде қатысып жүрміз. ҚазҰУ менің бала күннен бергі арманым. Мен бүгін өте қуаныштымын. Еліміздегі бірінші университетке түсу үшін мен мектепте үнемі ізденіс пен үздік оқу үстінде болдым. Міне, сол еңбегім бүгін жүзеге асты. Мамандық таңдаудағы арманымның шындыққа айналуына қолдау көрсетіп отырған ҚазҰУ ұжымына шексіз ризашылығымды айтқым келеді. Студенттік жылдарымда Қазақстанның бәсекеге қабілетті маманы болып қалыптасып шығатыныма сенемін. ҚазҰУ-ды таңдау, ҚазҰУ-да оқу барлық жетістіктерге жетелейді».

**Шыңғыс СЕЙДАЛИЕВ,** экономика және бизнес факультетінің 1-курс студенті, «Алтын белгі», ҚазҰУ ректоры грантының иегері:



**ҚазҰУ БОЛАШАҒЫМА ДАҒЫЛ БАҒЫТ БЕРЕДІ**

– Мен М.Базарбаев атындағы №138 қазақ гимназиясының түлегімін. 2010 жылдың наурызында өткен қалалық олимпиадада қазақ тілі бойынша 3-інші орын, Бостандық ауданы бойынша өткен олимпиадада орыс



**Альмира АМАНҚҰЛОВА,**  
география факультетінің 1-курс студенті, «Әл-Фараби» олимпиадасының жеңімпазы:

### БІЛІКТІ МАМАН БОЛУҒА ҚАЗҰУ КЕПІЛДІК БЕРЕДІ

— Мен ҚазҰУ-ды таңдадым. ҚазҰУ әлемдік деңгейдегі жетекші университет. Осы университетті таңдауымның бір себебі де осы. Сонымен қатар ҚазҰУ-дың бүкіл қызметі білім беру саласындағы мемлекеттік саясатқа, ұлттық білім моделіне, мемлекеттік және халықаралық стандарттарға сай. Оқытушылар құрамы, аудиториялардың жабдықталуы, заман талабына сай білім сапасы, түлектерін жұмысқа 100 пайыз орналастыру ҚазҰУ-ды әлемдегі білім нарығының жоғарғы сатысына көтерді. Міне, бұл жайттар менің университетті таңдаудағы басты талаптарым болды. Сол талаптар мені ҚазҰУ-да білім алу арманына жетеледі. Қайтсем осы

қарашаңырақтың студенті атанамын деген талтынысқа орай университеттің «Әл-Фараби» олимпиадасына қатысып бағымды сынап көрдім. Мен ҚазҰУ-дың 2010 жылғы «Әл-Фараби» олимпиадасының жеңімпазымын. Бұл жоба мен сияқты талай жастардың арманын ақиқатқа айналдырып, нағыз жүйріктерді қалыптастырды. Олимпиаданың үлесімен мен қазір осы жерде оқимын. Бұл олимпиадаға география пәнінен білім сайысына түстім. Бірінші дәрежелі дипломмен марапатталдым. Бұл диплом маған үлкен жауапкершілік сезіндірді. Мен Алматы қаласындағы №98 жалпы білім беретін мектепті оқып тамамдадым. Мені 5-7 сыныптан бері география пәні қатты қызықтырды. Сол кездерден бастап осы пән бойынша ғылыми конференцияларға қатыстым. Жүлдегер болдым. Бұл салада өте білікті маман болуға ҚазҰУ кепілдік береді деп сенемін. ҚазҰУ-да оқу — менің арманым. Бұл арманым толық жеттім. ҚазҰУ студенті атағын иеленгенімді мақтан тұтамын. Мен өз болашағымға, білімді, бәсекеге қабілетті маман болатынымға толық сенімдімін. Болашақта экология және география саласында ғылыми жаңалықтар ашып, инновациялық жобалармен айналысатын боламын.

# ҚАТАРЫ

университетіне келген қадамдарыңа гүл бітсін. Ақ жол тілеймін. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы халыққа жолдауында бәсекеге қабілетті ұрпақ қалыптастыру міндетін жиі айтып келеді. Сіздер, еліміздің болашағы және бәсекеге қабілетті ұрпақ өкілдерісіздер деп сенім артамын. Студент атануларыңыз құтты болсын”, - деп бірінші курс студенттеріне студенттік өмірдің алғашқы құжаты — студенттік билетті тапсырды.

Студенттер қатарына қабылдау салтанатты шарасы отандық өнер сахнасының танымал әншілерінің орындауындағы ән мен күйге ұласып, би кешімен қорытындыланды.

**Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ**



**Дина МУКУШИНА,**  
студентка биологического факультета, 1 курс, обладательница «Алтын белгі»



### “ЧТОБЫ ПОЛУЧИТЬ КАЧЕСТВЕННЫЕ, ХОРОШИЕ ЗНАНИЯ, Я ПОСТУПИЛА В КазНУ”

— С самого раннего детства я интересовалась окружающей природой. Меня очень удивляло ее разнообразие, поэтому в школе я больше уделяла внимание биологии, постоянно участвовала в олимпиадах, писала научные работы. Биология — наука интересная, серьезная и увлекательная, она не стоит на месте, развивается. Я твердо решила, что буду поступать на биологический факультет. Мне предстояло выбрать специальность. И я выбрала биотехнологию — науку будущего. А для того, чтобы получить качественные, хорошие знания, я поступила в КазНУ. Думаю, лучшие университеты в нашем государстве нет, потому что здесь находится озернейшая научная база. В преподавательский состав входят именитые ученые, профессора, доктора наук, которые, уверена, дадут нам хорошие знания и помогут стать конкурентоспособными и лучшими в нашей сфере. КазНУ сотрудничает с ведущими университетами мирового масштаба и это показывает, насколько известен наш университет. В КазНУ у студентов есть все условия для того, чтобы хорошо учиться, интересно проводить свободное время. Моя мечта — получить хорошее образование и стать отличным специалистом!



Одан кейін сахнаға профессор Салық Зиманов келіп студенттерге білім кілтін ұсынды. Біз де білім асуындағы қабілеттеріңіз мықты болсын деп тілек тіледік. Бірінші курс студенттері “бәсекеге қабілетті маман” болатындықтарын айтып ант берді.

Салтанатты шарада еліміздің танымал әншілері, ҚазҰУ-дың көңілді тапқырлар құрама командасы, “Отырар сазы” ұлт аспаптар оркестрі және тағы да басқа үйірме өнерпаздары өнерлерін көрсетті.

байқаудың нәтижесінде мен бұл мамандыққа өтпей қалдым. Жалпы байқау бойынша 97 балл жинаған талапкерлер өткен екен. Еліміздің үздік университетіне өте алмағаннан көңілім түсіп, құжаттарымды қайтарып алсам ба деп ойлады. Алайда құжаттарды қабылдау бөлімінде отырған өкілдерден: “Алтын белгі” иегерлеріне тағы мүмкіндіктер қарастырылуы мүмкін. Құжаттарыңды қайтарып алмай күте тұр. Бытыр университет ҚазҰУ ректорының грантын бөлген болатын. Сіздің көрсеткішіңіз ректор грантына ілігуі мүмкін” дегенді естігенде бір үміт ояны. Оған дейін ректор гранты бар екенін де білмедім. Құжаттарымды алмағаным оң нәтижеге бұйырды. Қазағым “сабыр түбі — сары алтын” деп бекер айтпаса керек. Бүгінде ҚазҰУ ректорының грантын иеленіп, экономика және бизнес факультетінде бірінші курста оқып жатырмын.



**Сандуғаш ОРАЗЫМ-БЕТОВА,**  
тарих факультетінің 1-курс студенті, мемлекеттік грант иегері:

### ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫМ ОСЫ УНИВЕРСИТЕТПЕН БАЙЛАНЫСТЫ

— Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ — менің қалауым. Бала кезімнен келешекте бүкіл ел тамсанатын, мемлекеттің алдыңғы қатардағы оқу орнына түсем екен деп ойлайтынмын. Алланың құлағына жеткен болар, жалпы мемлекеттік байқау кезінде ҚазҰУ-дың грантын иелендім. Бүгінде екі жыл бойы арман еткен, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың тарих факультетінде, соның ішінде “мұрағаттану, құжаттар жүргізу және құжатпен қамтамасыз ету” мамандығында мемлекеттік грантпен оқып жатырмын.

ҚазҰУ-ды жан-жақты дамыған, білім беру жүйесі әбден орныққан, есімі бүкіл елге танымал оқу орны деп білемін.

Оқу ордасының үлкен-үлкен ғимараттары, жасылды-көкті бау-бақшалары, ең бастысы білім беру жүйесі, оқу жүйесінің барысы, бағалануы баршасы интернет арқылы жүретіндігі ерекше ұнайды. Сонымен қатар, студенттердің білім деңгейін әрі қарай өркендету үшін оқу орны барлық талаптарға сай. Мұндағы олимпиадалық жарыстар, түрлі пікірталас, сайыстар, ғылыми жобалар, конференциялар мен форумдардың баршасы дерлік ізденушінің қабілетін арттырады. Сондай-ақ тәрбиелік мәні зор, көптеген іс-шаралар мен жиналыстар, жатақхана жағдайы да барынша жақсы қарастырылған. Абай атамның «Сен де бір кірпіш дүниеге, Кетігін тапта бар қалан» демекші ҚазҰУ-дың кірпіші болып қалану — менің ең басты арманым.

ҚазҰУ-дың студенті деген ұлы есімге лайық болу баршамыздың борышымыз, парызымыз, міндетіміз.



тілінен 2-інші орын иелендім. ҚазҰУ-дың «Әл-Фараби» пәндік олимпиадасына география пәні бойынша қатыстым. Мектептегі үздік оқуымның нәтижесінде “Алтын белгі” иегері атандым. Ұлттық бірыңғай тестілеуден

орыс тілін қоспағанда 95 балл жинадым. Содан оқуға түсу үшін құжаттарымды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың экономика және бизнес факультетіндегі «қаржы» мамандығына тапсырдым. Алайда, мемлекеттік

(Басы 5-бетте)

Сәйкесінше, Мәжіліс төраға немесе төрайымы мәслихат төрағаларының (төрайымдарының) дауыс беруі арқылы қызметке келеді. Студенттер Мәжілісі дәстүрлі түрде бірнеше студенттік мерекелер мен байқаулар өткізеді. Олар: «SUPER STUDENT», әр факультеттің аруын таңдайтын әсемдік байқауын, ұйымдар арасында «Калипсо» интерактивті сайысын және т.б. қызыққа толы мерекелер.

Студенттер арасында «Жатақханада тұрмайтын студент 50%-дық, ал жатақханада тұратын студент 100%-дық студент» – деген жақсы әзіл қалыптасқан. Ол, әрине, жатақхана өмірінің қызығымен байланысты айтылған. Бірақ ол қызықты, Сіз, одан әрі өрлегіңіз келсе, жатақханаңызда орналасқан Студенттер Кеңесі деп аталатын бөлмеге бет алсаңыз болғаны. Ол жақта, Сізді, жатақханада өтетін сан түрлі мерекелерге қатысумен бірге оларды ұйымдастыру істері күтіп тұр. Сонымен қатар Студенттер Кеңесі студенттерді жатақханаға орналастырумен қатар, шығару жұмыстарымен тікелей айналысады. Жатақхана мәселесімен кезіккен жағдайда, орын беру процесінде студенттерді байқаған болсаңыз, ол, Сіздің, факультетіңіздегі Студенттер Кеңесінің төрағасы немесе төрайымы.

## ЖОҒАРҒЫ СТУДЕНТТЕР КЕҢЕСІ

Ал әрбір жатақхана Студенттік Кеңесінің Сенаттағы баламасы **Жоғарғы Студенттер Кеңесі** деп аталады. Қазіргі таңда Кеңес төрағасының міндетін уақытша атқарушы – заң факультетінің 4-курс студенті Сұлтан Кенжеев. Жоғарғы Студенттер кеңесінің басшысы басқа да ұйымдар тәрізді оның мүшелерінен (әрбір Студенттік Кеңестің төрағаларымен) сайланады. Жоғарғы Студенттер Кеңесі жыл сайын әрбір жатақханада 1-курс студенттерін қабылдау кеші, Күзгі балл, әртүрлі тақырыптарда дөңгелек үстелдер, Халықаралық әйелдер күні, Махаббат күні деген сияқты естен кетпес мерекелік кештер өткізіп тұрады. Құрметті жатақханадан орын алаған жас Дос! Бұл ұйым саған кез келген сұрақтарға қатысты бірінші көмек бере алатын студенттерден құралған.

## ТӘРТІП САҚТАУ ЖАСАҒЫ

Ал осы жатақханалар мен жалпы бүкіл ҚазҰУ қалашығының кең ауқымды территориясын қауіпсіздікпен қамтамасыз ететін топ – **Тәртіп сақтау жасағы** болып табылады. Жасақ жатақханада орын алатын келеңсіз жағдайлардың алдын алу шараларымен айналысады. Тәртіп сақтау жасағына жатақханалар мен қалашық аумағының тәртібін сақтауға алғысы келетін кез келген жатақхана тұрғыны (ер бала) мүше бола алады. Тәртіп сақтау жасағына университет қызметкері Жұмағали Есенбек жетекшілік етеді.

## «СҰҢҚАР» СТУДЕНТТЕР КӘСІПОДАҒЫ

Келесі таныстырайын деп отырған ұйымға Сіздің тұрғылықты жеріңіз (қалада немесе жатақханада) маңызды емес, бұл ұйымға мүше болу үшін Сізден тек адал жүрек пен кеңпейілділік, қамқорлық қажет. Себебі бұл ұйым әлеуметтік жағынан төмен қамтылған студенттердің әлжуаз

топтарына көмек көрсетуді ең басты мақсат етіп ұстанған. Ұйым – **«Сұңқар» студенттер кәсіподағы** деп аталады. Студенттеркәсіподағы үстіміздегі жылы өзінің қызметіне он жылдығын атап өткен болатын. Осы уақытқа дейін студенттер кәсіподағы көптеген студенттерге әлеуметтік көмек көрсетіп, қашан да қамқорлықты қажет ететін студенттер жанынан табыла білді. «Сұңқар» студенттер кәсіподағы сондай-ақ университетіміздегі студенттерге қызмет көрсету орталықтарының қызмет сапасына бақылау жүргізумен және оның жақсаруына атсалысумен арнайы комиссия арқылы қатысады. Айталық, асханалардағы тағам сапасы, жатақхана ыңғайлылығы сияқты мәселелерді басты назарда ұстайды. «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрағасы оның мүшелерімен үш жылдық мерзімге (арнайы ережеге сай) сайланады. Ал оның мүшелері әр факультеттегі кәсіподақ өкілдерінен құрылады. Қазіргі таңда кәсіподаққа журналистика факультетінің 4-курс студенті Арайлым Өмірбекова төрайымдылық етіп келеді. «Сұң-

спорттық жарыстарда сайысып, қызықтың одан әрі қыза түсетін уақыты. Дәстүрлі түрде өтіп тұратын «СКЖ слеті» студенттік құрылыс жасақтарының сүйікті мерекесі. Әр факультеттің жасағы өз командирін сайлап, еңбек маусымының қорытындысында шығатын «Ең үздік жасақ», «Ең үздік командир», «Ең үздік жауын-



# Сәлем, ҚазҰУ студенттері!



кар» студенттер кәсіподағы «Сұңқар» кубогына футбол, «75 жылдықта 75 теңгеден түскі кешенді ас» акциясы, «Ең үздік студенттік отбасы» деген мерекелік кештермен қатар, балалар үйіне шығармашылық концертпен бару, Қызылағаш елді мекеніне жәрдем беру сияқты қоғамда орын алған төтенше оқиғалардан зардап шеккен жандарға әлеуметтік көмек көрсету шараларын ұдайы өткізіп отырады. Кез келген әлеуметтік мәселе бойынша Сенің алғашқы көмекшің «Сұңқар» студенттік кәсіподағы.

## СТУДЕНТТЕР ҚҰРЫЛЫС ЖАСАҒЫ

Студенттік өмірдің естен кетпес ерекше күндері **студенттер құрылыс жасағының жұмысымен тығыз байланысты**. Жазғы маусымда студенттерді жұмыспен қамтамасыз ету мақсатында қызмет ететін жасақ – студенттердің ерекше есіне алатын ұйымы. Жазғы еңбек маусымы студенттердің басқа да факультет студенттерімен танысып, достар тауып, көңілді мерекелерде бірге бас қосып,

гер» номинациялары үшін таласқа түседі. «Студенттер құрылыс жасағы – көшбасшылар ошағы, студенттер құрылыс жасағы – асудан асу асады, студенттер құрылыс жасағы – достардың басын қосады» деген ұранды сөздер студенттердің осы ұйымға деген ықыласын, махаббатын көрсетеді. Ең бастысы, бұл ұйым жазғы уақытта тегін жатын орын мен үш мезгіл тегін тамақтандырумен қамтамасыз етіліп, университет басшылығының қолдауына ие екендігін айту керек. Жазғы уақытты пайдалы әрі ыңғайлы өткізу мүмкіндігі Сізде де бар екендігін ұмытпаңыз. Жастық шақтың әсерлі кезені СКЖ-да күтіп тұр.

## «АЛТЫН САПА» ПІКІРСАЙЫС КЛУБЫ

Егер пікірталас (дебат) саласынан жинаған тәжірибенің болса, онда Сізді үш тілде бірдей қызмет ететін **«Алтын сапа» пікірсайыс клубы** күтеді. Клубқа жоғарғы экономика мен бизнес мектебінің 3-курс студенті Акнұр Жидебекқызы жетекшілік етеді.

«Алтын сапа» пікірсайыс клубы үш лиганы біріктіре, қоғамда кездесетін өзекті мәселелерді ортаға салу арқылы студенттердің шешендік қабілеттерінің артуына ықпал етіп келеді. Қазіргі кезде клуб «ҚазҰУ ректорының кубогына» республикалық пікірсайыс ұйымдастыруды және қоғам қайраткерлерімен «Рухани әңгіме»

ағылшын тілін еркін меңгеруіне арналған **«English club»** жобасы іске асады. Ағылшын тілін терендете оқытатын факультет (халықаралық қатынастар факультеті, шығыстану факультеті) студенттері басқа факультет студенттерімен әртүрлі тақырыптарда өзара әңгіме құрып, бірінші тілдік деңгейіне бірі ықпал етуде. Сіз де қапы қалмаңыз!

ҚазҰУ КТК-нің негізінде құрылған **«Bluetooth club»** әр жұма сайын жастар интернет орталығында еркін форматтағы әзіл кешін сыйлайды. Бүгінгі күнге дейін аталған клуб ҚазҰУ қонақтары мен оның студенттеріне сапалы әзілдері арқылы керемет көңіл тартуымен есте қалды. Әр мерекені назардан тыс қалдырмайтын «Bluetooth» -дың көрермендерінің көбеюі жастар интернет орталығының келушілерін де арттыра түсті. ҚазҰУ КТК командаларының барлығы өнер көрсететін бұл клубтың резиденті Сенсация КТК командасының капитаны, филология факультетінің 4-курс студенті Дастан Байбоосынов, ұйымдастырушысы химия факультетінің 4-курс студенті Ақмарал Асылбекова болып табылады.

## «ЖЕТІ МУЗА» ҚОҒАМЫ

Сіз өзіңізді өнерлілердің қатарынан көрсеніз немесе өнердің бір қырымен қызықсаңыз **«Жеті муза» қоғамының** мүшесі атануға асығыңыз! «Жеті муза» өнердің жеті бағыты бойынша қызмет етеді, яғни әр бағыт бойынша әр түрлі форматтағы іс-шаралар ұйымдастырылады. Мысалы, театр өнері бағыты бойынша, «Жеті муза» қоғамы Ф.Мүсірепов атындағы жастар және балалар театрының қойылымдарына барып, актерларымен ҚазҰУ-да кездесу ұйымдастырса, көркемөнер бағыты бойынша университеттегі суретшілер арасында I жалпы университеттік «ZeReK» байқауы ұйымдастырылып, жеңімпаздардың жұмыстары университет ректорының студенттік активпен кездесуіндегі көрмеден орын тапты. Құрметті өнерпаз, «әр істе де өнер қолдан, өнер ерқанша жөн болған» деген сөзді басшылыққа ала өз өнерінді паш етуден тыс қалма. Қазіргі кезде қоғамға халықаралық қатынастар факультетінің түлегі Сандуғаш Картаева жетекшілік етіп келеді.

## ҚАЗҰУ-ДЫҢ СТУДЕНТТІК БАСПАСӨЗ ОРТАЛЫҒЫ

«Қай елдің баспасөзі мықты болса, сол елдің өзі мықты». Бұл Міржакып Дулатұлының сөзі. ҚазҰУ-дың **студенттік баспасөз орталығы**, міне, осы мақсатты көздей құрылса керек. Жаңадан құрылған студенттік баспасөз орталығы қаламын мақала жазумен ұштаған студенттерден құралған. Оның мүшелері ҚазҰУ-дың әр мерекесінің, маңызды іс-шарасының университеттік, қалалық және республикалық газет беттерінде жариялануын қамтамасыз етеді. Журналистік қабілетіңізді дамытқыңыз келсе, студенттік баспасөз орталығы таптырмас мектеп деп айта аламыз, себебі мұнда кәсіби журналистердің арнайы шеберлік сыныптары өтіп отырады.

## СТУДЕНТТІК ОМБУДСМЕН

Студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарының қызметі – **Студенттік омбудсмен** арқылы да жүзеге асып келеді. Ол сенің құқықтарың мен мүдделеріңнің қорғалуын қамтамасыз етеді. «Таза сессия», «Жемқорлыққа жол жоқ!», «Қалай тұрып жатырсың, студент?» және т.б. жобалардың атаулары ақ студенттік омбудсменнің іс-қызметін айқындайды. Бұл жұмысқа Сен де белсенді атсалыса аласың.

## ҚАЗҰУ-ДЫҢ КӨПТЕГЕН КЛУБТАРЫ

Сені сүйікті ҚазҰУ-дың көптеген клубтары да асыға күтуде! Келесі клуб жобаларының авторы Студенттер Сенаты төрағасының бірінші орынбасары, биология факультетінің 4-курс студенті Сәуле Ишанғалиева болып табылады. Оның бастамасымен бірнеше жобалар жүздеген студенттердің мүмкіндіктерін анықтап берді.

Көптеген студенттердің ұсынысы бойынша университетіміздің мерейтойына орай, ҚазҰУ ректоры студенттерге жастар интернет орталығын сыйға тартқан болатын. Қазіргі таңда студенттер бұл орталықты барынша тиімді пайдалануға тырысады. Мәселен, университет студенттерінің

P.S.

Құрметті жас Дос! Студенттік өмірді қызықты да пайдалы өткізу сенің қолыңда. ҚазҰУ-дың студенттік өзін-өзі басқару ұйымдары сенің тұлға болып қалыптасуың мен болашақ табысты өміріңнің мектебі!



■ Ғылым

■ Презентация

# Химфак презентовал свои новые лаборатории

В канун нового учебного года на химическом факультете Казахского национального университета им. аль-Фараби прошла презентация 15 новых современных учебных лабораторий.

В октябре 2009 года во время юбилейных торжеств, посвященных 75-летию КазНУ, Президент Казахстана Н.А. Назарбаев торжественно открыл новый корпус химического факультета. «Форпост образования и науки нового Казахстана» — так оценил Глава государства заслуги ведущего вуза Казахстана перед отечественным образованием.

В последние два года КазНУ с огромным опережением от других вузов лидирует в общенациональных и независимых образовательных рейтингах. Следующая «высота», которую намерен преодолеть главный университет страны — достойно войти в рейтинги лучших университетов мира.

Химфак КазНУ — один из самых передовых факультетов страны. В 2010 году химический факультет стал



победителем конкурса «Лучший факультет КазНУ». К слову, 7 из 14 конкурсных республиканских лотов на научные исследования в области нанотехнологий были выиграны учеными химфака КазНУ. Как сообщил ректор вуза, ежемесячно из бюджетных

та университета будет выделяться 300 тысяч тенге в качестве поощрения научной и образовательной деятельности факультета.

По итогам нынешней приемной кампании, КазНУ показал рекордный показатель для казахстанских вузов, на-

брав 3200 обладателей государственных грантов! Высочайшие результаты по набору нового контингента студентов показал и химический факультет, принявший на обучение 405 студентов по государственному образовательному гранту, в том числе 36 обладателей «Алтын белгі». Причем, по некоторым специальностям показатель факультета составляют 50 процентов от всего объема государственного заказа.

Нынешний учебный год студенты химфака начнут в новом учебном корпусе, оборудованном по самым последним требованиям времени. Здесь на пяти этажах размещены самые современные лаборатории и учебные аудитории.

Во время презентации гостям рассказали о деятельности ведущих научных кафедр, продемонстрировали лучшие научные достижения ученых-химиков. Гости также посетили выставку результатов факультета, рассказывающую об учебно-методической и научной работе, научно-исследовательской деятельности ученых и студентов, международном сотрудничестве и студенческой жизни.

Алия ДЕМЕСИНОВА

■ Инновация

# Наука плюс инновации

Такой должна быть ситуация в отечественной экономике, считают ректоры алматинских вузов, директора НИИ, руководители научных центров и учреждений, собравшиеся 3 сентября в Казахском национальном университете имени аль-Фараби на совещании по обсуждению проекта Программы развития науки, инноваций и содействия технологической модернизации.

На совещании разговор шел о том, как поднять нашу науку на достойный уровень. Ученые и организаторы науки, поддерживая создание новой программы, выражали большую надежду, что в ней будут найдены механизмы стимулирования казахстанской науки и технологий.

Представители научного сообщества обсудили необходимость разработки закона о технологической безопасности и увеличения казахстанского содержания инновационных проектов. При этом, как считают ученые, формируя приоритеты необходимо, исходить из потребностей экономики. Казахстану

вполне по силам развивать собственные кластеры, например, по производству лекарственных растений, химических реагентов или налаживая производство малотоннажных изделий из черного металла.

К сожалению, считают некоторые руководители научно-исследовательских институтов и центров, у нас до сих пор не определены приоритетные направления науки, что дало бы возможность создавать отраслевые проектные институты. Тогда и производство, и бизнес будут заинтересованы в стимулировании научной деятельности. Сегодня же финансирование науки в стране не достигает даже

заведенных 0,1 процента.

Неоднократно на совещании было сказано и о том, что упор должен быть сделан на вузовскую науку. Надо создавать НИИ при университетах, которые помогли бы решить проблему преемственности и старения кадров в науке.

Академическое сообщество признательно Министерству индустрии и новых технологий за инициативу обсудить новый документ с учеными. Однако, уверены ученые, без стабильного и прозрачного финансирования сделать «революцию» в казахстанской науке невозможно. Огромные средства проходят мимо науки.

Стратегическим вопросом названа и подготовка кадров для инновационной деятельности. Этому тоже надо учиться и учить молодое поколение.

— Сегодня нам представили достаточно проработанный документ. Ситуация меняется, и наша задача найти свою нишу в этой программе. Лидеры науки и научные коллективы должны двигаться, убеждать, что в Казахстане есть наука, — сказал академик Б. Жумагулов.

Рекомендации ученых будут обобщены и направлены в Министерство индустрии и новых технологий РК.

Майра САГЫМБАЕВА

# Даму бағдарламасы талқыланды

14 қыркүйекте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде 2010-2014 жылдарға арналған технологиялық модернизация және инновациялық даму бағдарламасы талқыланды. Кезектен тыс өткен бұл жиында академик Бақытжан Жұмағұлов, ҚР ЖОО қауымдастығының президенті Рахман Алшанов, ҚР Ұлттық ғылым академиясының президенті Мұрат Жұрынов, «Дасу» АҚ вице-президенті Қағазбек Еренчинов, Алматы қаласы әкімдігінің жастар саясаты жөніндегі басқармасының басшысы Бахтияр Мәкен және тағы да басқа бірнеше ғалымдар бас қосты.

Академик Бақытжан Тұрсынұлы жиылыстың негізгі мақсаты инновация және технологиялық модернизацияны дамыту бағдарламасына орай өткен алдыңғы кездесуде қаралған міндеттерді жетілдіру екендігін атап өтті. Сонымен қатар бұл кеңеске жүктелетін сенімнің зор екендігін және осы айдың соңына қарай тағы бір кезек кездесу мәжілісін ұйымдастыру ұсынысын тастады.

ҚР Білім және ғылым вице-министрі Айдар Бексұлтанұлы Жақыпов кездесудің бас баяндамасын назарға ұсынып, 2010-2014 жылға арналған бағдарлама жұмысымен таныстырды. Сондай-ақ 2003-2010 жылдары осы бағытта жасалған жұмыстарға шолу жасап өтті. Маманның баяндамасынан белгілі болғандай бұл жылдар аралығында қаржының басты бөлігі Қазсатқа жұмсалған екен.

Алматы қаласының жоғары оқу орындарының ректорлары, ҒЗИ директорлары, ғылыми орталықтар мен мекеме жетекшілерінің қатысуымен өткен жиында технологиялық модернизация және инновациялық даму жұмыстарын жетілдірумен қатар ғылыми академияларға, ғалымдарға қолдау жасауды да мықтап қолға алу керектігі айтылды.

Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА



# Ғалымдардың пікір алмасу мінбері

16 қыркүйекте әл-Фараби атындағы химия факультетінде «Мұнай-газ кешенінің ғылыми-технологиялық дамуы» атты VIII Халықаралық ғылыми Нәдіров оқулары өтті. Шараға Нәдіров Нәдір Кәрімұлы өзі де қатысып, «Ғарыштың мұнай алу және оны тасымалдау жұмыстарына әсері» деген зерттеу жұмысымен бөлісті. Мұнай-газ саласының, жаратылыстану ғылымдарының, соның ішінде химия ғалымдары бас қосқан бұл халықаралық жиынның бас демеушілері «КазРосГаз», «Теңіз Шевройл» компаниясы, «Торғай-Петролеум» АҚ, «Маңғыстау-мұнай-газ» АҚ болып отыр.

Халықаралық ғылыми Нәдіров оқулары ғылыми жұмыстар мен инженерлік шығармашылықты және оқу үдерістерін заманауи жетілдіру мақсатында 2001 жылдан бері жұмыс жасап, еліміздің барлық қалаларында, шетелде ұйымдастырылып келеді. ҚР Ұлттық Ғылым академиясының академигі Н.К.Нәдіров — мұнайхимиясы және мұнай өндіру жұмыстарының қазақстандық ғылыми мектебін қалыптастырған әлемдік деңгейдегі ғалым, 800-ден аса жарияланымның, 27 монографияның, 300-дей ғылыми еңбектің, т.б. бірнеше ғылыми жаңалықтардың авторы. Қазақ КСР мемлекеттік сыйлығының лауреаты, КСРО Құрметті мұнайшысы, КСРО ғылым танушысы, И.М.Губкин атындағы сыйлықтың иегері, Қазақстан Республикасының Құрметті инженері, Ресей федерациясының үздік халық ағартушысы, Ғылым маршалы (Франция) және т.б. көптеген атақтармен марапатталған.

«Нәдіров оқулары Қазақстан, Ресей, Өзбекстан, Әзірбайжан т.б. елдер арасындағы ғылыми байланыстың өрісін кеңейтетін игі іс. Бұл ғылыми шараның ғалым атымен байланысты болуы да тегін емес. Нәдір Кәрімұлы — мұнай-газ жаңалықтарының тұңғыш авторы. Төртінші ұрпақ сіздің баяндаманызды тындап отыр. Сізді қазақстандық мұнай-газдың атасы деп атау да сондықтан. Бүгінде 8 рет ұйымдастырылып отырған Нәдіров оқулары жас ғалымдардың өзара пікір алмасып, тәжірибе бөлісетін қоғамдық мінберіне айналып отыр», — дейді ғалым Бақытжан Жұмағұлов.

Сонымен қатар «Қазақ мұнай мен газ институты» АҚ Бас директоры, ҚР Ұлттық инженерлік академияның академигі Ұзақбай Қарабалин, «Ғарыштық және технологиялық Ұлттық зерттеу орталығы» Акционерлік қоғамының президенті Жұмабек Жантаев және тағы да басқа ғалымдар мұнай-газ кешенінің ғылыми-техникалық дамуы аясында ой бөлісті.

Саягүл ҚАБЫЛБЕКҚЫЗЫ



■ Рух

**Биыл әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ректор грантының иегері бытырғызға қарағанда бес есе артты. ҚазҰУ гранты 90 балаға табыс етілді. Бұл үшін университет жыл сайын 67 млн. қаржы бөледі.**



# РЕКТОР ГРАНТЫ ТАБЫС ЕТІЛДІ



ситетке түсу үшін мен мектепте үнемі ізденіс пен үздік оқу үстінде болдым. Міне, сол еңбегім бүгін жүзге

асты. Мамандық таңдаудағы арманымның шындыққа айналуына қолдау көрсетіп отырған ҚазҰУ ұжымына

шексіз ризашылығымды айтқым келеді. Студенттік жылдарымда Қазақстанның бәсекеге қабілетті маманы болып

қалыптасып шығатыныма сенемін. ҚазҰУ-ды таңдау, ҚазҰУ-да оқу барлық жетістіктерге жетелейді, – дейді Мадина Жақытова. Аталмыш университеттің заң факультетіне қабылданған Мөлдір Бақытжанқызы өнерімен шашу шашып, ризашылығын әнмен өрнектеді.

Үздік университеттің студенті қатарына қабылданған білімгерлердің ата-аналары атынан сөз алған Төреханова Гаухар Аманжолқызы: “Біз ҚазҰУ-ды Отандық университеттердің көшбасшысы ретінде жақсы танымыз. Мұнда жоғары білікті оқытушы-профессорлар ұжымы, заманауи технологиялар мен ғылыми зерттеу орталықтары орналасқан. Бұл университеттерде студенттердің білім алуы мен қабілетті кадр болып даярлануына барлық жағдай жасалған. Осы университеттің студенті атанған баламыздың болашағына сеніміміз мол. Алаңымыз жоқ”, – дейді.

Болашаққа деген айқын сенімге жолдама алған ректор грантының иегерлерінің көңілі марқайып, толқыған шаттықтарымен бөлісіп, кезек-кезек өнерлерін паш етіп, нағыз үздік талапкерлер екендігін дәлелдеп жатты.

Үздік оқыған оқушы – бүгін ҚазҰУ студенті. Олар Қазақстанның болашақ элитасы. Шараға келген қонақтар: “Мектеп ұжымы қанаттандырған сапалы студент әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінен сапалымаман болып қанаттанды” деген сеніммен тарасты.

Саягүл  
ӘЛІМБЕКОВА

■ 22 қыркүйек – Қазақстан халқының Тілдері күні

## Туған тілім – тірегім

Тіл – барша адамзаттың рухани кемелдігінің белгісіндей аса ардақты асыл мұра. Ол адамдардың жан дүниесін жалғап, түсінісуге жетелейтін, елдің ынтымағын ұйытып, береке-бірлігін арттыратын, қоғамдағы барша қарым-қатынастың дәнекері. Біздің елімізде барлық тіл құрметтеледі. Олардың өркен жаюына барынша мүмкіндік жасалған. Елбасы Жолдауында да «... бүкіл қоғамымызды топтастырып отырған мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді» делінген. Ендеше, қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейтуге атсалысу мен оны барынша насихаттау барша қазақстандықтардың асыл парызы болып саналады. Қазақстан халқының біртұтастығы мен нығаюы факторларының бірі – мемлекеттік тілді меңгеру.

фестивалін, Тіл апталығын және мерекелік іс-шара ұйымдастыру дәстүрге айналған. Қазіргі таңдағы «Қазақстан халқының Тілдері күні» мерекесі Қазақстандағы тіл саясатының пәрменді жүргізіліп жатқандығының бір көрінісі іспеттес болды. Мерекелік іс-шараның басты мақсаты – Қазақстан халқының ұлттық тілдері мен салт-дәстүрлерінің дамуына ықпал ету, өзге ұлт студенттерін өз ана тілдерін жан-жақты меңгеруіне жұмылдыру, Қазақстан халқы арасында достық пен бірлікті және ынтымақты нығайту.

«Туған тілім – тірегім» фестивалі барысында әр факультеттің студенттері Қазақстанда тұратын түрлі ұлттың өкілдері атынан сөз сөйлеп, сол ұлттың биін билеп, салт-дәстүрін паш етті. Кеш қонақтары эстрада жұлдыздары Ерболат Құдайберген мен «Серілер» тобының патриоттық әндері студенттерді бір серпілтіп тастады.

Жалпы алғанда, тілдер мерекесі студенттерді татулық пен бірлік идеялары төңірегінде топтастыруға, елжандылық пен жалпы адамзаттық ынтымақтастыққа тәрбиелеуге негізделіп, жоғары деңгейде өткізіліп жүр.

Тілдерді дамыту – еліміздегі мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының, бүгінгі күннің ең өзекті мәселелерінің бірі.

Қазақстанның тіл саясаты елімізді мекендейтін барлық ұлттар мен ұлыстар тілінің дамуына да барынша жағдай жасауға бағытталады. Елбасының Жолдауында да ұштұғырлы тіл саясаты туралы баса айтылған, онда жастарымыздың білікті де

білгір маман болуымен бірге, тіл саясатында қазақ, орыс, ағылшын тілін жетік меңгеруі керектігін тілге тиек еткен. Осыған байланысты мемлекеттік тіл саясатын жетілдіру мақсатында тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Бағдарламаның басты мақсаты Қазақстанда тұратын барлық этностар тілдерінің сақталуы жағдайында ұлт бірлігін нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қызметін қамтамасыз ететін үйлесімді тілдік саясатты жүзеге асыру болып табылады.

Мемлекет Басшысы Н.Ә.Назарбаев атап көрсеткендей, «Біз барша қазақстандықтарды біріктірудің басты факторы болып табылатын қазақ тілінің одан әрі дамуы үшін барлық күш-жігерімізді салуымыз керек. Сонымен бірге елімізде тұратын барлық халықтардың өкілдері ана тілдерінде еркін сөйлей, оқи алуына, оны дамытуға қолайлы жағдай тудыру қажет».

Ғылым мен білім ордасы болып табылатын ҚазҰУ түлектері бүгінгі таңдағы нарық талабына сай және бәсекеге қабілетті болуы қажет. Университеттегі тілдерді дамыту стратегиясы Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының «Тілдер туралы» Заңына, Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, сондай-ақ, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде тілдерді қолдану мен дамытудың бағдарламасына сәйкес жүргізіледі. Аталған бағдарламадағы мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру мақсатында

университетте тілдерді дамыту бөлімі жұмыс істейді. Университетімізде студенттердің қазақ, орыс және шет тілдерін жетік меңгеруі үшін барлық жағдай жасалуда. Оның бір дәлелі ретінде университетіміздің оқытушы-профессорлар құрамы Мемлекеттік тіл стандартын әзірледі. Стандарт жобасы қазіргі таңда екінші тілді үйренушілерге арналған стандарттарға қойылатын талаптарға сәйкес коммуникативтік-тілдік құзиреттілік мазмұнда дайындалды.

Стандарттың басты мақсаты – университеттегі мемлекеттік тілді оқып үйренгісі келетін азаматтарға қазақ тілін деңгейлік дәрежеде үйретудің басты талаптары мен құзиреттілігін анықтау.

Сонымен қатар студенттердің тілдік ортасын қалыптастыру мақсатында тілді үйренуге машықтанатын «Ағылшын» клубы, «Француз» клубы, «Ресей» клубтары жұмыс істейді. Шетелдік студенттерге арналған «Қазақ тілі» клубы жұмыс істейді, тыңдармандарға аталған саланың білікті маман ұстаздары дәріс береді. Оқыту үдерісі ақпараттық технологиялармен толық жабдықталған. Алдағы уақытта тілді оқыту үдерісіне қашықтықтан оқыту бағдарламасын енгізу жоспарланып отыр.

Бүгінгі таңда еңбек нарығының сұранысына сәйкес болу үшін және түлектеріміздің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында жасалып жатқан осындай игі шаралардың маңызы зор.

Назым ТӨЛЕЕВА,  
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ  
Тілдерді дамыту бөлімінің бастығы

# Санаткер Серік аға атындағы оқу залы ашылды

25 қыркүйек күні әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың журналистика факультетінде мәдениет қайраткері, дарынды жазушы-журналист, аудармашы Серік Әбдірайымұлы атындағы оқу залының ашылу салтанаты болып өтті. Оның тұсаукесеріне ҚР қоғам қайраткерлері, ғалымдар мен жазушылар: ҚР Президенттік мәдениет орталығының директоры Мырзатай Жолдасбеков, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің ректоры Бақытжан Әбдірайымов, Ақтөбе облысы әкімінің орынбасары Қалижан Әбдірайымов, жазушы Бексұлтан Нұржекеұлы және т.б. қатысты.

Ашылу салтанатының алғашқы сөзі журналистика факультетінің деканы Ғалия Ибраеваға берілді. «Осы күнге дейін журналистика факультетінде Т.Амандосов, Қ.Бекхожин, Т.Қожекеев және М.Барманқұлов атына аудитория берілген еді. Бүгін қоғам қайраткері, Д.Қонаевтың өмірін зерттеуге үлкен үлес қосқан зерттеуші Серік Әбдірайымұлының атына оқу залының ашылуына қош келдіңіздер. Осы орайда болашақта аға жолымен жүрер деген ниетпен үздік студенттерімізге арнайы шәкіртақы тағайындалып отыр. Олар біздің сенімімізді ақтайды деп білеміз», – дейді декан.

Астанадан арнайы келген Мырзатай Жолдасбеков ағамыз өз ойын былай тарқатты: «Ойлап отырсам, Серік ағамыз осындай еді деп, жаманымды жасырып, жақсымызды асырып біз туралы сөйлеу керек еді, енді

інісі туралы ағасы сөйлейтін жағдай болып отыр... Ойы да, бойы да биік, адамзатты сүйетін махаббаты өте зор, қарапайым, қайырымды, жасымызға қарамай еркелетіп, «Айналайын, Мырза аға» деуші еді. Өзіннен жасы кіші адамның бұлай сөйлеуін бұрын естімеген едім. Серіктің туған ортасы, ұясы жақсы... Менің 60 жылдығыма марқұм Алтынбек «аға, сіз туралы кітап жазғалы отырмыз, оны Серікке тапсырдық» дегенде қуанып қалдым, оның атын «Ел тағдыры - ер тағдыры» деп қойған да Серіктің өзі болатын. Мен Серікке сабақ беріп едім. Артында жұрты, халқы, елі бар. Ұрпағы бар. Бақытжан сияқты канаты бар. Мақтан тұтып отырған баламыз, ініміз. Димекеннің басына күн туғанда қасынан табылған да Серік еді. Бір жағында Серігі, бір жағында Олжасы жүрді. Димекен туралы жұрт айта алмайтын сөздерді ашық айтып кетті. Осындай оқу залын ашып отырған, басымызды иіп кіретұғын қарашаныраққа алғысымды білдіремін. Арнайы ас берілгелі де отыр. Ақселеу екеуі егіздің сынарындай еді. Әрқайсысы сайдың тасындай, арқардың құлжасындай азамат еді».

Ақселеу Сейдімбектің «Сапа белгісі бар жігіт» деп айтуы берер бағаның орындысы болса керек. «Өтті дәурен осылай» атты Д.Қонаев туралы кітаптың дүние-



ге келуі де С.Әбдірайымұлының жемісті еңбегінің бірі. Н.Омашев бір сөзінде «әлі күнге дейін бұдан асқан мемуар оқығаным жоқ» дейді. Ал журналистика факультетінің оқытушысы Абдул-Хамит Мархабаев: «Серік Әбдірайымұлы сабаққа кешікпей, қайта ерте келіп, балалармен араласып, сөйлесіп, аудитория атмосферасын білейін дейтін. Қаламгер қолына қалам ұстағаннан кейін өз объектісін таңдап, өзі де сол объектісіне жетуге талпынады. Өзінің объектісін әдемі таңдап алған, өзі үнемі сондай үлкен фигураларды алатын, мәдениет пен ғылымдағылар жөнінде әдемі жазған адам», – деді.

«Халықта аталы жұрттың басы еді, алтынды ердің қасы еді» деген сөз бар. Сол аталы жұрттың бірегейі, алтынды ердің қасы осы Серік ағамыз. «Санат» баспасының басшысы болған 1991 жылдан соңғы кезіне дейін, ғылымның 32 тарауы бойынша 450-дей еңбек жарыққа шығарды. Серік ағамыз білімді, білікті азамат, жазушы, журналист, көсемсөзші, ұстаз, аудармашы болды... Серік ағамыздың аудармаларын оқығанда казак суреткері жазғандай әсерде боласыз. Сөзінде бір кібірттік жоқ, камырдан қыл суырғандай. Осы университетте 36 жыл сабақ

берді. Ұлтымыздың санаткері, қайраткері болды. Болмысы бекзат адам, бұл кісіде нәзіктік деген керемет еді. Аудиториясы құтты болсын, жақсылық пен білімнің, біліктіліктің аудиториясы болсын. Университет басшыларына рахмет. Серік ағамыздың тамыры жеті қат жерге жетсін, Серік ағамыздың бәйтерек бұтағы жеті қат көкті орасын. Серік ағамыздың рухы жасасын», – деген профессор Серік Тілегенге Мырзатай аға «Ден қойып кітап жазшы, байқап отырмын, но-байы дайын екен» деп ұсыныс-ақылын айтты.

Оқу залдың ашылу салтанатына келген Бексұлтан Нұржекеұлы: «Секентайды құрметтеу – университеттің өз түлегін құрметтеуі. Ісі мен сөзінде оның алшақтық болмайтын. Асанбай Асқаровтың, Нұрғиса Тілендиевтің, өзі араласқан адамдардың көп қырын ашты. Сол кезде Серік жазбағанда оны кім жазар еді. Сіздер шынымен халыққа қызмет ететін адамдарымызды ұмытпайтындарыңызды көрсетіп отырсыздар. Сіздерге рахмет!» – деді.

Сондай-ақ екі қызы мен ұлы да арнайы келіп, Серік Әбдірайымұлы атындағы атаулы шәкіртақыны студенттерге табыс етті. 50 000 тенге көлеміндегі шәкіртақы «Баспа ісі және БАҚ дизайн» мамандығының 1-курс магистранты Әйгерім Дәурбаеваға тапсырылса, 3-курс студенті Олжас Байжанға (ол келесі жылы С.Әбдірайымұлының баспагерлік қызметін дипломдық тақырып етіп алғысы келетінін атап кетті), 4-курс студенті Шапағат Қаратаеваға, журналистика мамандығының 4-курс студенті Мирас Ниятовқа 30 000 тенге көлемінде шәкіртақы тапсырылды.

Өз тілшімізден

■ Семинар

## ВСТРЕЧА ПОКОЛЕНИЙ

23 сентября Казахский национальный университет имени аль-Фараби встречал дорогих гостей - участников I-го Республиканского семинара – совещания ветеранов войны и труда Казахстана. Свыше 40 славных представителей ветеранских организаций из всех областей республики собрались на встречу с университетской молодежью, чтобы прочувствовать дух преемственности поколений, сохранения культурно-исторического наследия и активной интеллектуальной студенческой среды.

Выбор места встречи неслучаен. Флагман высшей школы страны всегда славился своей энергичной, пылливой к наукам, нравственно чистой и патриотично настроенной молодежью. И в этот раз студенты с воодушевлением приветствовали основателей ветеранского движения Республики Казахстан – Героя Советского Союза, «Халық Қаһарманы» Сағадата Нурмағамбетова, славных участников ВОВ Султана Жиенбаева и Шангерей Жаныбекова, председателя Центрального совета ОО «Организация ветеранов РК», генерал-полковника Каирбека Сулейменова, а также активных членов Центрального, областных и Алматинского Советов ветеранов - Сагдиева М.Р., Харжевского М.В., Шайхутдинова Е.М., Моисеева А.Ф., Омарова Х.Р., Рамазанов Б.Р., Бижанова Х.Б., Жампиисова К.О. и многих других.

Ветеранские организации Республики Казахстан ведут большую и кропотливую работу по воспитанию подрастающего поколения. Особенно важно, что и сегодня ветераны неравнодушны к судьбе своего народа, их беспокойные сердца бьются в такт с динамичным развитием суверенного многонационального государства. В

знак благодарности и признания заслуг ветеранских организаций республики в патриотическом, духовно-нравственном воспитании молодежи председатель Центрального Совета ОО «Организация ветеранов РК» Сулейменов К.Ш. награжден нагрудным знаком «75-лет КазНУ им. Аль-Фараби».

Патриотизм, непрерывающаяся связь поколений, заветы старшего поколения любить и защищать Отчизну, адресованные современным молодым людям, – таков основной лейтмотив выступлений ветеранов. Примечательно то, что в этом году наш музей занял 1 место и награжден Почетными грамотами Алматинского городского и Бостандыкского районного Советов ветеранов «За активное участие в работе ветеранского движения».

Нынешний год – юбилейный, по всему Казахстану торжественно проходят мероприятия, посвященные 65-летию Победы в Великой Отечественной войне. В КазНУ организованы и проведены замечательные мероприятия: урок мужества «О доблести, о подвигах, о славе!» в музее университета, встречи с ветеранами ВОВ и труда на факультетах, конкурс военно-патриотических песен, круглые

столы, семинары, праздничное театрализованное представление «День Победы» на главной площади КазГУграда и многие другие.

Центр патриотического воспитания молодежи, визитная карточка всего университета – его новый музей, идея рождения которого принадлежит теперь уже министру образования и науки РК, а до недавнего времени ректору КазНУ им. аль-Фараби, академику Б.Т.Жумагулову. В настоящее время в музее действует передвижная выставка-экспозиция, посвященная 100-летию со дня рождения любимого всеми казахстанцами Бауыржана Момышулы – Героя Советского Союза, защитника Москвы, писателя, создавшего замечательно-правдивые произведения о войне. Собранные воедино фотографии, материалы о жизни Б.Момышулы, его книги и издания о нем запомнятся ветеранам надолго.

«...Всем нам приятно побеседовать с современными студентами, побывать в прекрасном музее, порадоваться тому, какими мощными темпами растет и развивается Казахский национальный университет им. аль-Фараби...», – такие добрые слова оставили в книге Почета музея председатель Центрального Совета ветеранов РК, генерал-полковник Сулейменов К.Ш., председатель Алматинского городского Совета ветеранов, академик Шайхутдинов Е.М.

Тамара Тажиева, директор музея КазНУ

■ Встреча

## Научные контакты между учеными Казахстана и Беларуси восстанавливаются

В рамках празднования юбилея Конституции Республики Казахстан по приглашению Посольства Республики Казахстан в Беларуси группа казахстанских ученых посетила Минск.

Одной из запоминающихся стала встреча профессорско-преподавательского состава юридического факультета Белорусского государственного университета с профессором Казахского национального университета Есбергенем Алаухановым.

Несмотря на первое знакомство, белорусские ученые прекрасно знают заведующего кафедрой КазНУ Е. Алауханова по его многочисленным публикациям и книгам по юриспруденции, и этот факт предопределил дальнейший формат встречи с преподавателями факультета. Помимо профессионального обсуждения и обмена опытом, ученые рассмотрели конкретные направления сотрудничества между двумя ведущими факультетами, в частности, по вопросам обмена студентами и аспирантами, а также конкретными научными исследованиями. Было отмечено, что сегодня реально потеряна связь между учеными Казахстана и Беларуси и данная встреча позволила найти новые нити сотрудничества. И, что самое главное, интерес был обоюдным.

Профессор из Казахстана передал в дар кафедрам, а также библиотеке факультета свои книги по юриспруденции.

Декан юридического факультета профессор С.Балашенко не только отметил важность данной встречи, но и подчеркнул преемственность поколений и необходимость продолжения начатого знакомства между белорусскими и казахстанскими учеными. Состоявшийся визит позволил не только обсудить актуальные вопросы сотрудничества, но и определить и выработать новые подходы будущих проектов между учеными Казахстана и Беларуси.

В тот же день профессор Е. Алауханов посетил Национальную библиотеку Республики Беларусь, которой также в дар были переданы книги и научные труды казахстанского ученого.

Пресс-служба Посольства РК в РБ



# Жаңа футбол алаңы іске қосылды

17 қыркүйекте әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің спорт кешенінде тағы үш футбол алаңының тұсауы кесілді. Жасанды төсеніспен көмкерілген алаңның ашылуына Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі Әділбек Жақсыбеков қатысты.

Ермахан Ыбрайымов, Асхат Житкеев сияқты т.б. спорт шеберлерін қанаттандырған ҚазҰУ-дағы мұндай спорттық бастамалар отандық спорт бәсекесін дамыта түспек.

Осы орайда, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті спорт клубының төрағасы Дүйсенбаев Талғат Ноғайбайұлы:

– “ҚР Қорғаныс министрі,


Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділбек Рыскелдіұлының өзі келіп үш бірдей алаңның ашылуына қатысты. Елбасымыз өзінің халыққа жолдауында әрдайым салауатты өмір салтын басты назарға қояды. Осы орайда университет басшылығы тарапынан жастардың салауатты өмір салтына деген қолдауы жоғары. Шағын футбол ойындарына арналған бүгінгі алаңдардың ашылуы соның бір ғана дәлелі. ҚазҰУ студенттерінің спортқа деген қызығушылықтары өте жоғары. Бізде спорттың әр түрі бойынша 24 секция жұмыс істейді. Олардың арасында күрес, ұлттық тоғызқұмалақ ойыны т.б. бар. Жастардың спортқа деген

белсенділігін дамытатын ҚазҰУ-дағы мұндай бастамалар әлем чемпиондарын қалыптастырмақ. Университеттің футбол командасы жақсы дамыған. Мұнда үлкен, шағын футбол және ұлдар, қыздар арасындағы футбол жасақтары белестерді бағындырып жүр”, - деп атап өтті.

Жаңа алаңда өткен футболдың алғашқы добын ҚР Қорғаныс министрі, Қазақстан футбол федерациясының президенті Әділбек Рыскелдіұлы ойынға қосты. Соңынан Алматыдағы жоғары оқу орындары арасындағы жолдастық кездесу турниріне ұласты.

**Саягүл  
ӘЛІМБЕКОВА**

# Қазақстандағы ТҰҢҒЫШ ISIC-картасы



Халықаралық ISIC-картасы - электронды студенттік билетке Қазақстандағы студенттердің арасында алғашқылардың бірі болып ҚазҰУ жастары қол жеткізді. 17 қыркүйекте ҚазҰУ-дың жастар интернет орталығында Қамқоршы кеңесінің өкілдері ақпараттық технологиялық жобалардың жаңа құрылысымен танысуы барысында ISIC-картасы студенттерге ұсынылды.

Бұл картаның мүмкіндіктері зор. ISIC (халықаралық студенттік картасы) университет ішінде жұмыс істейтін студенттік

билеттің, оқу ғимараттары мен жатақханаларға кіруге, оқу залдары мен халықаралық электронды кітапханаларды пайдалануға, тауар мен көрсетілген қызметке ақы төлеуге, банк төлеу картасының қызметін атқаруға рұқсат береді.

ISIC – студенттің өмір стилін құрайтын нағыз құжат. ISIC-картасы арқылы студенттер шегерімдер мен білім беру қызметтеріне, ойын-сауыққа, электронды коммерция мен саяхатқа баруда біршама жеңілдіктерге қол жеткізе алады.

**Өз тілшімізден**

■ Форум

25 қыркүйекте «Бауыржан» қайырымдылық қоры, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы қаласы әкімшілігінің ұйымдастыруымен «Жастар көзқарасы» атты республикалық жастар форумы өтті. Бүгінде 2011 жылды республикамызда жастар жылы етіп жариялау мәселесі қаралып жатқандықтан, бұл басқосудың маңызы да зор болып табылады. Аталмыш форум негізгі екі бөліктен тұрды. Алғашқысы еліміздің көптеген жетістікке қол жеткізген жас саясаткерлері мен кәсіпкерлерінің табыс жолының формуласына арналған дәрістер болса, екінші бөлімі жастардың таңдамалы баяндамаларын тыңдау және жеңімпаздарды марапаттау рәсімінен тұрды.

## Жастарды алаңдататын мәселе



Өзінің жетістік жолының құпиясымен бөлісу үшін Астанадан арнайы келген мәжіліс депутаты Сыздықова Бақыт Ахметқызының, «Astana Group» компаниясының басшысы Нұрлан Смағұловтың, Нұр Отан ХДП, Жас Отан ЖҚ-ның атқарушы хатшысы Нұрлан Өтешовтың студенттермен сұхбаты ерекше есте қалды. Осы орайда ҚазҰУ-дың “Жеті муза” қоғамының жетекшісі Сандұғаш Қартаева: “«Жастар көзқарасы» атты республикалық жастар форумы жастарды көшбасшылыққа жетуде партиялық сезімді дамытып,

адалдық пен мейірімділік қасиеттерін меңгеруге бағыттайды. Бұл форум арқашанда адамгершілік тұрғысынан ойлап, жақынына қол ұшын созу, биік мақсаттарды ойлай білу, т.б. жақсы адами қасиеттерді жастар бойына сіңіруімен құнды болды”, - дейді.

Сондай-ақ форумдағы баяндамаларында қатысушылар жастар арасындағы өзекті мәселелерді талқылай келе, оны шешу жолдарын да ұсынды. Осы орайда ауыл жастарының өзекті мәселелері де назардан тыс қалмады. Форумда белгілі болғанындай жастарды бүгінде ауылдық жерлерде мәдени ошақтардың болмауы, сонымен қатар ауылда жұмыс орындарының, спорттық секциялардың мүлдем жоқтығы сияқты мәселелер алаңдатады екен. Бұл мәселелердің алдын алу үшін форум қатысушылары былайша пікір білдіреді:

- Жастардың күш, қажыр-қайратын дұрыс арнаға қолдануымыз үшін мектептен, ауылдың күйін тіршілігінен бос уақытта жастар баратын бір мәдени ошақ, спорт орталықтарын ашу керек.

Жастар ел болашағы екендігін ескерсек, әрине бұл топтың әлеуметтік жағдайының өсуіне жағдай жасаудан аянып қалу болмас. “Интеллектуалды ұл” бастамасы да осы жастарға қолдау танытумен пара-пар. «Жастар көзқарасы» атты республикалық жастар форумы да ел болашағының жарқын болуына бағдар болды.

Аталмыш форумда жастар Қазақстанның болашағы өздерінің қолдарында екенін кезекті рет нақтылады. Ал сапалы деп танылған баяндамалар иесі бағалы сыйлықтармен марапатталды.

**Жастар ұйымдары комитеті**

**ҚҰРЫЛТАЙШЫ:**

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**МЕКЕН-ЖАЙЫ:**

Бағасы келісім бойынша.  
Таралымы – 1000 дана.  
Көлемі 2 б.т.  
Индексі 65989.  
Тапсырыс №521

**Әл-Фараби  
атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты**

*Бас редактор –*  
*Жауапты хатшы –*  
*Редакторлар –*  
  
*Фототілші –*

**Дәрмен СМАЙЫЛ**  
**Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА**  
**Саягүл ӘЛІМБЕКОВА,**  
**Уәли ҚАДЫРОВ**  
**Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ**

**050040, Алматы,**  
**әл-Фараби даңғылы, 71,**  
**ректорат, 11-қабат,**  
**№1104 бөлме.**  
**Байланыс телефоны:**  
**377-33-30, ішкі: 11-94,**  
**тікелей: 377-35-20.**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
“Кредосс-Б” баспаханасында (Егізбаев 7<sup>А</sup> көшесі) басылды.  
Тел.: 8 (727) 3-94-24-45

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.